Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

# QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден бастап шығады

№ 8/34
25 ақпан

Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет

www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy

E-mail: priogazeta@mail.ru

## ЕРЛІККЕ – ТАҒЗЫМ!



Приозерск қаласындағы Ұлы Отан және Ауған соғысы ардагерлеріне арналған ескерткіш жанында 15-ақпан күні таңертеңгілік сағат 11.00-де ауған соғысының ардагерлері, қала тұрғындары, қаладағы кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар басшылары және қызметкерлері, жастар мен баспасөз өкілдері, ҚР ҚК Приозерск қаласы гарнизонына қарасты әскери бөлімдер командирлері, РФ ҚК Сарышаған сынақ алаңына қарасты 03080 әскери бөлімінің әскери қызметкерлері мен командирлері кеңес әскерлерінің ауған жерінен шығарылғанына 34 жыл толуына арналған ісшараны атап өту және сол сұрапыл соғыста қаза тапқан жауынгерлерді еске алу һәм гүл шоқтарын қою үшін жиналды.

XX ғасырдың ең ұзақ қантөгісі ретінде тарихқа енген соғысқа интернационалдық борышын өтеу үшін 22269 қазақстандық аттанды. Атақты, қолбасшы, жауынгер-жазушы Бауыржан Момышұлы атамыз: «Айбындылық аспаннан түспейді» деп қаһарман ұлдарын пана тұтқан. Сондықтан Ауған соғысының ардагерлерін құрметтеу біздің азаматтық парызымыз деп білеміз. 1979-жылдың 25-желтоқсанынан 1989-жылдың 15-ақпаны, яғни, 9-жылдан аса уақыт бойы кеңес әскерлерінің шектеулі құрамы Ауған жерінде ұрыс жүргізді. Кеңес одағы басшылығының қаулысымен олар Ауған халқы алдында интернационалдық борыштарын өтеді. 14 мыңға жуық кеңес жауынгерлері бұл соғыста үйлеріне оралмады. Олардың ішінде қазақстандықтар да бар еді. Қайғы мен қасірет әкелген бұл соғыс Қазақстан жерін де айналып өтпеді. Ұрыста қаза тапқан жауынгерлердің ерліктерін есімізде мәңгіге сақтау – қасиетті борышымыз. Ауғанстанда қаза тапқан жауынгерлерді еске алу үшін қатысушылар тарапынан бір минут үнсіздік жарияланады.

Ауған соғысының ардагерлері, жауынгерлердің Отан алдындағы борыштарын өтеп, Ауған соғысында көрсеткен ерліктері әрқашан жас ұрпаққа үлгі-өнеге болып қала бермек!

Бүгінгі таңда елімізді дамытуға, жас ұрпақты ерлік пен еңбекке, отаншылдық рухта тәрбиелеуге, қаланың өркен жаюы мен дамуына атсалысып жүрген ардагер жауынгерлерді қадірлеп, құрметтеу – біздің борышымыз һәм міндетіміз! «Бейбіт өмірдің баға жетпес бақытты күндерінде амандықпен кездесейік!» - деген ақ тілектен кейін жиылған топ «Достық» балалар мен жасөспірімдер орталығына бет алды.

Мұнда ауған соғысы ардагерлерімен Ауғанстаннан Кеңес әскерлері шығарылуының 34-жылдығына орай Приозерск қала әкімі С.Қ. Сатаевтың қатысуымен дөңгелек үстел өткізілді. 9 жыл, 10 айға созылып, мыңдаған сарбаздар мен командирлердің өмірін қиған, онмыңдаған адамның өмірін өзгертіп, қаншама қайғы қасірет әкелген Ауған соғысы туралы тарих-шежіреге кезек берілді. Өзінің борышын өтеген және сол жақта қаза тапқан қаншама жауынгерлеріміз еске алынды. Ауғандық ардагерлер Тұрлыбаев Полат Қанатұлы, Шохметов Шашубай Серікұлы, Ақмұрзаев Бердібек Тауасқанұлы, Сатенов Алибек Ратаевич, Сердалиев Қалмұрза Құрбанбекұлы, Крупский Валерий Викторович және Азнабаев Талғат Төлегенович құрметпен төрге шақырылды.



Сөз кезегін алған Приозерск қаласының әкімі Сапар Қайркенұлы Сатаев жерлес жауынгерлерді атаулы күнмен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Сондай-ақ, 44841 әскери бөлімінің командирі, Приозерск гарнизонының бастығы Үмбетали Серикұлы Бектаев, РФ ҚК 10-Сарышаған сынақ алаңының бастығы, 03080 әскери бөлімінің командиры Казаков Алексей Викторович ауған соғысының елге әкелген қасіреті, қиындықтары мен бейажал қаза тапқан жауынгерлер туралы, бүкіл әлемде бейбітшілік пен тыныштық болуы үшін күрескен батыл да, батыр адамдар жөнінде әңгіме қозғап, бүгінгі жиынға аман-сау қатысып отырған ауғандық ардагерлерге бас иетіндіктерін, құрметін білдірді. Сөзге шыққан интернационалист-жауынгер, Ауған соғысының ардагері Полат Қанатұлы Тұрлыбаев әріптестерінің атынан осынау ісшараны ұйымдастырып, өткізіп отырған, ерекше құрмет көрсеткен қала әкімі бастаған қызметкерлерге алғысын айтты. Ардагерлер атына арналып әкімдік тарапынан дайындалған бағалы сыйлықтар мен гүл шоқтары иелеріне табыс етілді.

Дөңгелек үстел жиынынан кейін жиналған қауым ауғандақ ардагерлемен біргелікте құрметті қонақтар үшін дайындалған шағын дастарқан мәзірінен дәм тата отырып, шай үстіндегі әңгіме-дүкен жалғасын тапты. Жиылғандар арасынан азаматтар ардагерлерге ізгі неиттері мен игі тілектерін білдірді, ауған соғысы туралы әңгіме өрбітке отырып, бүгінгі әлемдегі оқиғалар төңірегінде пікір алысты.

***Жанат АБУЛОВА***




## АЛҒЫС-РАҚЫМЕТІМ, СІЗДЕР ҮШІН!

1-наурыз – алғыс айту күні, яғни қазақ жерінде мекен еткен өзге ұлт өкілдерінің кең дархан қазақ жеріне деген, татулық пен сыйластықтары үшін алғыс айтулары болып табылғанмен, алғыс айту Қазақстанда мекен еткен тек өзге ұлттарға ғана емес, жалпы елдің бүкіл азаматы мен азаматшалары арасындағы татулық пен сыйластықтың негізін қалаушы үрдіс болып қалыптасып келеді. Кеңірек мағынасында бұл үрдіс дұрыс та шығар, дегенмен, сонау қиын-қыстау, кеңестік жүйенің кесірінен елінен, жерінен, ата-анасы мен туған-туысынан айрылып, Қазақ еліне зорлықпен көшіріліп алынып келген өзге ұлыстарының өкілдері қазақ жеріне қоныстанып, қазақ жұртының мейірім-шапағатына, қайырымына бөленгеніне тарих куә. Сол жылдардағы қазақ халқының көрсеткен қамқорлығы үшін басқа ұлттардың алғыс білдіріп, рақыметін айтуы орынды да. Екінші жағынан шын жүрегінен алғысын айта алмаған адамның жан дүниесінде рухани әлсіздік пайда болады. Яғни, үлкенге құрмет, кішіге ізет ете білудің өзі біздің жұртымыздың қарапайымдылығы мен бауырмалдығы басым, қонақжай қазақ халқына тән қасиеті, жүрегінің кеңдігі, мейрімділігі деп білемін.

Өзгелердің қуанышына ортақтаса білу, яғни қуанышты бөліссең көбейеді дегендей, айналамыздағы әрбір адамның қуаныштарына ортақ болып, алғыстарына бөленіп жүргенге не жетсін?!.. Жалпы өзгелердің титтей де болсын көмегі мен жақсылықтарына үлкен рахмет пен алғыс айту – бұл күнделікті жалғасын тауып жататын құбылыстар болса, осы алғыс айту күнін арнайы көктемнің алғашқы күніне қоюы адамдар арасындағы қарым-қатынастардың жақсаруына, сыйластықтардың артуына жол ашып, халықтар арасындағы, ағайын-туысқандар мен дос-жарандар арасындағы достастықтары артып, көңілдерге сән бере түседі.

Алғыс айту күні араз болып жүргендер үшін де татуласудың ең қолайлы күні. Ең бастысы, ниет түзу болса болғаны. Алғыс айту күні байқасаңыз жылдан жылға кеңінен аталып өтіп келеді. Алғыс айту арқылы еліміздегі түрлі ұлттар мен қазақ ұлтынының арасындағы сыйластықтары мен бірліктері артып, жанымызға жақын жандарға алғыс айтып, жанымыз жадырауда. Расында да алғыс айту күні біздің еліміз үшін ең керек дүние болып табылады.

Ойымды қорытылай келе, айналамыздағы адамдарды қуантуға асығайық, алғыс айтудан жалықпайық дегім келеді. Бірінші наурыз – алғыс айту күніне аман-есен жеткізген, жаныма жақын жандарға алғыс айтуыма мүмкіндік берген Жаратқан иемізге мың алғыс айтамын! Барша қазақ елін көктемнің алғашқы күнімен тұспа-тұс келетін Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтай отырып, қазақ елімізге, Отанымыз, жерімізге, өзімнің өсіп-өніп, өркен жайып, жайнап-гүлдеп, жасарып-жақсарып келе жатқан, сұлу да, көркем Балқаш көлінің жағасындағы Қоржынтүбек құтты мекеніме мың алғыс айтқым келеді! Осындай елде тұрғаныма, қазақ болып туғаныма мың алғыс! Жаныма жақын жандарға, ағайын-туыс бауырларға, әріптестеріме және дос-жарандар мен таныған, танымайтын жандардың барлығына шын жүректен рахмет-алғыс айтамын және тату-тәтті, ауызбірлікпен ғұмыр кеше берейік деген ізгі тілегімді білдіремін!

***Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,***

*Президентские реформы*




**В регионе продолжается подготовка к посевной. В этом году планируется засеять зерновыми и другими культурами 1,1 млн га. Увеличится площадь посадки картофеля и овощей.**
**«Зерновые и зернобобовые культуры будут размещены на площади 957,2 тыс. га, масличные – на 59 тыс. га, кормовые – на 76,2 тыс. га. Посадка картофеля в сельхозформированиях запланирована на площади 12 тыс. га – на 526 га больше, чем в прошлом году, овощей – на 1,7 тыс. га, – сообщил руководитель управления сельского хозяйства Аскар Санаубаров.**




**Президент страны поставил задачу формирования казахстанской полиции как основного органа по обеспечению общественной безопасности. Важнейшим направлением реализации данного программного документа является реформа правоохранительной системы, которая проходит на протяжении последних лет. И большой вклад в дело подготовки квалифицированных кадров для органов внутренних дел вносит Карагандинская академия МВД РК имени Баримбека Бейсенова.**

**2023 ЖЫЛ 19 НАУРЫЗ - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТТАРЫН САЙЛАУ КҮНІ**

**САЙЛАУҒА ҚАТЫСАЙЫҚ!**
№1 округтық сайлау бойынша
Приозерск қалалық
маслихат депутатына үміткер

**ӘБДІМҰТӘЛІПОВ**
**МҰСА ЖАЛИҰЛЫ**



Әбдімүтәліпов Мұса Жалиұлы 1979 жылы 30 тамызда Қарағанды облысы, Приозерск қаласында туған. Ұлты қазақ. Білімі жоғары. Алматы қаласындағы Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының экономика факультетін, сонымен қатар АҚШ Йорк университетін бітірген. Докторлық Ph.D. дәрежесін бар. «Аманат» партиясының мүшесі. Еңбек өтілін Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясында оқытушы болып бастаған, артынан өз шаруашылығын бастап, қазіргі уақытта қаланың кәсіпкері, Қарағанды облысы Қазақстан Халықтары Ассамблеясының Қайырымдылық және Меценаттар Клубының мүшесі. Мұса Жалиұлы жастайынан спортқа бейім. Шығыс күресін бірнеше курстарын бітірген. Жастарға арналған спорт секцияларын қолдап, оны дамыту үшін белсенді жұмыс істеуде. Қаланы көркейтуге жеке үлесін қосуда. Үйленген, үш қыз тәрбиелеп отыр.

**Егерде №1 округ сайлаушылары маған жоғары сенім артса, сенімді ақтауға және келесі міндеттерге белсене жұмыс жасауға тырысамын:**

• біздің сүйікті қаламызды барынша көркейтуге және қалпына келтіруге ат салысу;

• қарт кісілер мен тұрмысы төмен азаматтарды қолдау, қайырымдылық шараларға белсене қатысу;

• жемқорлықпен және құқық бұзушылықпен күрес, құқық жәнне азаматтардың құқықтары мен мүддесін қорғау;

• спорт мәселелерін, және де жастар арасындағы салауатты өмір салтын жақсарту;

• кәсіпкерлікті дамыту мен қорғауға жәрдемдесу, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерді қолдау, шағын және орта бизнеспен айналысатын адамдардың санын арттыру;

• негізгі тауарлар мен қызметтерге бағаның өсуін төмендету саясатын жүргізу;

• медициналық қызметтердің қол жетімділігі мен сапасын арттыру.

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді.

**19 МАРТА 2023 ГОДА- ДЕНЬ ВЫБОРОВ ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**УЧАСТВУЙТЕ В ВЫБОРАХ !**
**КАНДИДАТ**
в депутаты Приозерского
городского маслихата
по избирательному округу № 1

**АБДИМУТАЛИПОВ**
**МУСА ЖАЛИЕВИЧ**

Абдимуталипов Муса Жалиевич родился 30 августа 1979 года в городе Приозерск Карагандинской области. По национальности казах. Образование высшее. Закончил экономический факультет Казахской Академии Транспорта и Коммуникаций имени Тынышбаева в городе Алматы, Йоркский университет США. Имеет учёную степень доктора Ph.D. Член партии «Аманат». Трудовой стаж начал с преподавателя Казахской головной архитектурно-строительной академии, в последующем открыл собственное дело. На данный момент является предпринимателем города, членом клуба Благотворителей и Меценатов Ассамблеи Народов Казахстана Карагандинской области. Муса Жалиевич увлекается спортом. Окончил несколько курсов по восточным единоборствам. Принимает активное участие в формировании и поддержке спортивных секций для молодежи. Вносит личный вклад в благоустройство города. Женат, воспитывает трех дочерей.

**Если избиратели округа №1 окажут мне своё высокое доверие, я буду стараться оправдать доверие и буду активно работать над реализацией следующих задач:**

• всемерно содействовать восстановлению и процветанию нашего любимого города;

• поддерживать пожилых людей и малообеспеченных граждан, участвовать в благотворительных акциях;

• проводить борьбу с коррупцией и должностными правонарушениями, защищать права и интересы граждан;

• улучшить пропаганду спорта, здорового образа жизни среди молодежи и подростков;

• способствовать развитию и защите предпринимательства, поддержке стартапов, увеличение занятых в малом и среднем бизнесе;

• проводить политику снижения роста цен на основные товары и услуги;

• улучшать качество и доступность медицинских услуг.

Оплачено из средств Республиканского бюджета

*Президентские реформы*

# ЖАҢА КЕЗЕҢГЕ - ЖАҢА РЕФОРМАЛАРМЕН







**2023 ЖЫЛ 19 НАУРЫЗ - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТТАРЫН САЙЛАУ КҮНІ**

**19 МАРТА 2023 ГОДА- ДЕНЬ ВЫБОРОВ ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**САЙЛАУҒА ҚАТЫСАЙЫҚ!**
№1 сайлау округі бойынша Приозерск қалалық мәслихат депутаттығына
**КАНДИДАТ**

**СҮЛЕЙМЕНОВ НҰРЛАН МАРСҰЛЫ**



**УЧАСТВУЙТЕ В ВЫБОРАХ ! КАНДИДАТ**
в депутаты Приозерского городского маслихата по избирательному округу № 1

**СУЛЕЙМЕНОВ НУРЛАН МАРСОВИЧ**

Сүлейменов Нұрлан Марсұлы 1994 жылы 11 тамызда Өзбекстан Республикасы, Навоий қаласында туылған. Ұлты қазақ. Білімі жоғары. Алматы қаласының нархоз университетін экономист мамандығы бойынша аяқтаған.

Еңбек жолын 2016 жылдың ақпан айынан Алматы қаласындағы «Корпорация Атта групп» ЖШС филиалында электрик ретінде бастаған. Қазіргі уақытта «Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ басшысының м.а. Үйленген.

**Депутаттық лауазымды пайдалана отырып, келесі әлеуметтік, құқықтық және басқадай сауалдардың шешілуіне ат салысу:**

• халықтың әлеуметтік жағынан нашар қорғалған бөлігінің әл-ауқатын жақсарту, ана мен баланы қорғауды күшейту, сондай-ақ жастар проблемасын, олардың жұмыспен қамтылуына арналған шараларды дайындау мен бекітуге белсене күш саламын;

• зейнеткерлер, соғыс және еңбек ардагерлерінің орынды сұраныстарына көмек беремін;

• мәдениет, денсаулық, спорт саласы жұмысының өрлеуіне табандылықпен ат салысамын;

• қоршаған ортаны қорғау, Балқаш көлінің экологиялық ахуалын жақсарту бойынша шаралардың қабылдануына ат салысамын.

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді.

Сулейменов Нурлан Марсович родился 11 августа 1994 года в городе Навоий, Республики Узбекистан. По национальности казах. Образование высшее. Окончил Алматинский университет нархоз, по специальности экономист.

Трудовую деятельность начал с февраля 2016 года электриком в Алматинском филиале ТОО «Корпорация Атта групп». В настоящее время занимает должность и.о. руководителя КГУ «Молодежный ресурсный центр города Приозерск». Женат.

**Используя депутатские полномочия добиваться решений следующих социально-правовых и других вопросов:**

• буду активно участвовать в разработке и утверждении меры по улучшению благосостояния социально незащищенных слоев населения, по усилению охраны материнства и детства, по проблемам молодежи и их занятости;

• буду оказывать всяческое содействие в выполнении просьб пенсионеров и ветеранов войны и труда;

• буду всемерно поддерживать развитие физкультуры, спорта и здорового образа жизни;

• буду выступать за принятие соответствующих мер по охране окружающей среды, по улучшению состояния экологии озера Балхаш.

Оплачено из средств Республиканского бюджета

*Президентские реформы*



## ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ - ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

***Мемлекет басшысының пәрменімен Ғылым және жоғары білім министрлігін дамыту арқылы еліміздегі кез келген саланың түйткілді жағдайларын шешуге мүмкіндік туды. Әлбетте, әр саланың тұрақты дамуы ғылыммен етене байланысты екені анық. Ғылымның кез келген саласы мемлекет деңгейінде жақсы дамитын болса, онда көптеген қоғамдық игі бетбұрыстар болатыны аян.***




**В Сарани будет продолжена активная работа по благоустройству, строительству и вводу в эксплуатацию нового жилья. Идет восстановление микрорайона РТИ, завершено 4 дома на 165 квартир общей площадью около 20 тысяч квадратных метров. Ведутся работы по 14 домам на 960 квартир, из них 8 многоэтажек восстанавливают за счет привлечения бизнеса: «Это позитивный тренд, когда предприятия города и частные застройщики не стоят в стороне и восстанавливают жилье за счет собственных средств, – отметил заместитель акима Сарани Еркин Баулыков. – Дополнительно мы проектируем новые дома на территории, где произведена расчистка, привлеченным инвесторам уже отведен участок для строительства двух новых домов по 90 квартир за счет частных инвестиций.**

**2023 ЖЫЛ 19 НАУРЫЗ - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТТАРЫН САЙЛАУ КҮНІ**

**19 МАРТА 2023 ГОДА- ДЕНЬ ВЫБОРОВ ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**САЙЛАУҒА ҚАТЫСАЙЫҚ !**
№ 2 сайлау округі бойынша Приозерск қалалық мәслихат депутаттығына
**КАНДИДАТ**

**АБДУКАЛИКОВ ДУМАН ӘСЕТҰЛЫ**



**УЧАСТВУЙТЕ В ВЫБОРАХ !**
**КАНДИДАТ**
в депутаты Приозерского городского маслихата по избирательному округу № 2

**АБДУКАЛИКОВ ДУМАН АСЕТОВИЧ**

Абдукаликов Думан Әсетұлы 1989 жылы 14 маусымда Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақшатау кентінде туған. Ұлты қазақ. Білімі жоғары. 2007 жылы Жезқазған индустриалдық-гуманитарлық колледжін, 2013 жылы Қазақ-Ресей университетін аяқтаған. 2007 жылдан қазіргі уақыт аралығында «Қазақстан Халық банкі» АҚ жұмыс атқаруда. 2019 жылдан бастап Приозерск қалалық «Қазақстан Халық банкі» АҚ бөлімшесінің басшысы қызметін атқаруда. Үйленбеген.

**Сайлау алдындағы бағдарлама:**

• Қазақстан Республикасының Конституциясын сақтау, азаматтардың заңдық құқықтарын қорғау;
• шағын және орта бизнесті дамыту ;
• мәдени, денсаулық және спорт саласындағы жұмысты жандандырып өрлетуге табандылықпен ат салысамын;
• жас ұрпақтың болашағы үшін нашақорлық пен маскүнемдікке қарсы күресті жандандыру қажет деп ойлаймын;
• жергілікті мемлекеттік өкілетті органның мүшесі ретінде кәсіпкерлер мен тұтынушылардың құқықтарын қорғауды талап етемін.

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді.

Абдукаликов Думан Асетович родился 14 июня в 1989 году в поселке Акшатау, Шетского района, Карагандинской области. По национальности казах. Образование высшее. 2007 году окончил Жезказганский идустриально-гуманитарный колледж, в 2013 году Казахстанско-Российский университет. С 2007-по настоящее время работает в АО «Народный Банк Казахстана». С 2019 года работает начальником отделении АО «Народный Банк Казахстана» в г . Приозерск.

**Предвыборная программа:**

• Защита законных интересов граждан, соблюдение Конституции Республики Казахстан;
• развитие малого и среднего бизнеса;
• настойчиво буду добиваться активизации работы в сфере культуры, здравоохранения и спорта;
• активизировать борьбу против наркомании и алкоголизма ради будущего подрастающего поколения;
• как представитель местного представительного органа управления буду требовать защиты прав потребителей и предпринимателей.

Оплачено из средств Республиканского бюджета

*Президентские реформы*




**К 2025 году в Карагандинской области должны появиться 18 новых средних учебных заведений. Современные здания возведут в рамках пилотного Национального проекта «Комфортная школа». В своем Послании народу Казахстана Президент Касым-Жомарт Токаев отметил, что значимым фактором формирования успешной нации является качество среднего образования. Каждый казахстанский школьник должен иметь достойные условия для обучения и всестороннего развития.**

# «ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ, ДІН ЖӘНЕ ЗАҢ»

Зайырлылық – барлық діндерге қатысты бейтараптық ұстану, мемлекеттің діни танымдардан тәуелсіз және кез келген теологиялық тұжырымдамалардан еркін болу. Алайда, бұл қағидат бірте-бірте мәнін де, мағынасын да өзгертуде. Мәселен, Қазақстанның зайырлылығын көрсететін мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы қарым-қатынастарды реттеудің бірнеше формалары қалыптасқан. Үкімет және облыстар, қалалар мен аудандар әкімдерінің жанынан құрылған діни бірлестіктер мен байланыстар жөніндегі кеңестер құрылған. Бұл – конфессияаралық қарым-қатынастарды реттейді, діни бірлестіктер мен мемлекет арасындағы үнқатысуды нығайтады. Сонымен қатар, мемлекеттік органдар мен атқарушы билік әртүрлі конфессиялардың өкілдерімен тұрақты түрде кездесіп тұрады. Осындай басқосулардың аясында аймақтардағы дін саласында тұрақтылықты бақылауға аламыз, халық арасында экстремистік, кереғар діни ағымдардың үгіт-насихаттық жұмысының алдын алу бағытында жоспарлы іс-шаралар ұйымдастырылады. Зайырлылықтың аса маңызды белгісі Конституцияға және заңға негізделген діни сенім бостандығы дедік сөз басында. Яғни, әр қазақстандықтың өз дінін таңдауға құқығы бар. Ата Заңда діни сенім-наным бостандығы үш негізгі қағидатқа сүйенетіні айта кеткен жөн: бейтараптық, толеранттылық және теңдік.

Ата заңда айшықталған нормалар негізінде 1992 жылдың 15 қаңтарында «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер» туралы заң қабылданды. Заңда көрсетілген талаптар мен көзделген мақсаттар осыдан сол кезеңдегі Қазақстан қоғамының нақты ахуалына негізделген болатын.

Соңғы екі онжылдық ішінде еліміздің рухани-діни келбеті елеулі өзгеріске ұшырады. Діни қызмет белсенділігі күшейіп, діни бірлестіктер саны еселеп артты, теріс жат діни іс-әрекеттер де бой көрсете бастады. Сондықтан заңдық нормаларды заманауи ахуалға сәйкестендіру мақсатында аталмыш Заңға 1994, 1997, 2004, 2005 жылдары бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Бүгінгі уақытта Қазақстандағы діни жағдай тұрақты. Дегенмен, діннің қазіргі қазақстандық қоғамға айтарлықтай ықпалын тигізіп жатқандығын атап өткеніміз жөн. Діни бірлестіктердің көбеюі, дін үйлерінің жаппай бой көтеруі осыған дәлел. Қазақстанда қазіргі кезде 4551 діни бірлестік бар екен. Ел тұрғындарының басым бөлігі дінді этникалық мәдениеттің және ұлттық салт-дәстүрдің элементі ретінде қарастырады. Міне, дәл осы себептен де «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның біздің қоғам үшін маңызы орасан зор. Ол азаматтық қоғамды қалыптастыруды ілгері жылжытуда айтарлықтай ықпал ете алады. Сондықтан да, зайырлы мемлекет ең алдымен өзінің дінге қатысты мемлекеттік заңнамасын түпкілікті айқындап алуға тиісті деп ойлаймын.

***Байназарова Е.Т.***
***Тарих пәнінің мұғалімі***

**2023 ЖЫЛ 19 НАУРЫЗ - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ КҮНІ**

**САЙЛАУҒА ҚАТЫСАЙЫҚ !**
№ 2 сайлау округі бойынша Приозерск қалалық мәслихат депутаттығына
**КАНДИДАТ**

**ИСАТАЕВ**
**АЛТАЙ НӘСІПБЕКҰЛЫ**



Исатаев Алтай Нәсіпбекұлы 1978 жылы 2 сәуірде Қарағанды облысы, Ақадыр ауданы, Ақбұлақ ауылында туылған. Ұлты қазақ. Білімі жоғары. 2000 жылы Қазақ ұлттық аграрлық университетін, 2006 жылы Қарағанды маңызды білім беретін «Болашақ» институтын агроном, қаржыгер мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек өтілін 2000 жылдың сәуір айынан ҚР АШМ Балқаш қалалық аумақтық басқармасының фитосанитариялық инспекторы болып бастаған. 2001 - 2006 жылдары ҚР АШМ Приозерск қалалық аумақтық басқармасында бас маманы болып жұмыс істеген. 2006-2015 жылдар аралығында жергілікті атқарушы орган жүйесінде жұмыс істеді: Приозерск қаласының ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы, Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы. 2016 жылдан қазіргі уақытқа дейін Приозерск қаласы әкімі аппаратының басшысы қызметін атқарады. Приозерск қаласында 2000 жылдан бері тұрады. Үйленген, 5 бала тәрбиелеп отыр.

2021 жылы «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» медалімен наградталған.

**Сайлау алдындағы бағдарлама:**

Жергілікті өкілетті орган депутаттығына кандидат ретінде мен бұл қоғамдық жұмыстың жауапкершілігі мен маңызын жақсы түсінемін.

Сайлаушылар маған сенім білдірсе, бар күш-жігерімді, жинақталған тәжірибемді қаланың дамуына, халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға үлес қосуға бағыттаймын.

Депутаттардың алдына қойылатын мақсаттардың ішінен мен келесілерді нақты өз бақылауыма алар едім:

• жастардың барынша жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету, олардың бос уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасау;

• дене шынықтыру мен спорттың дамуына, мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шаралардың ұйымдастырылып тұруына ықпал жасау. Жаңа мәдени-демалыс орындарын салу мәселелерін көтеру;

• кедейлік пен жұмыссыздықты азайтуға назар аудару. Шағын және орта бизнес жаңа нысандарын салу арқылы жаңа жұмыс орындарын құруға жәрдемдесу;

• білім беру сапасын жақсартуға және мектепке дейінгі мекемелер желісін дамытуға және жаңа білім ұйымдарын салу мәселелерін көтеру;

• жаңа тұрғын үйлер салу және жеке тұрғын үй салу үшін жер учаскелерін бөлу есебінен халықтың әлеуметтік осал тобы санатындағы тұрғын үй кезектілігін төмендетуге жәрдемдесу;

• тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамытуға жәрдемдесу. Сапалы коммуналдық қызмет көрсету мақсатында қалалық қазандықты кеңейту және қайта жаңартуға, инженерлік желілерін жөндеуге ықпал ету;

• қалаға инвестиция тарту арқылы туризмді дамытуға жәрдемдесу.

Қалалық Мәслихаттың депутаты болып сайлансам, сайлаушылармен кездесіп, сайлаушылардың мәселелерін барлық мүмкін жолмен шешуге көмектесемін.

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді.

**19 МАРТА 2023 ГОДА- ДЕНЬ ВЫБОРОВ ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**УЧАСТВУЙТЕ В ВЫБОРАХ !**
**КАНДИДАТ**
в депутаты Приозерского городского маслихата по избирательному округу № 2

**ИСАТАЕВ**
**АЛТАЙ НАСИПБЕКОВИЧ**

Исатаев Алтай Насипбекович родился 2 апреля 1978 года в селе Акбулак, Агадырского района, Карагандинской области. По национальности казах. Образование высшее. В 2000 году окончил Казахский Национальный аграрный университет, в 2006 году Карагандинский институт актуального образования «Болашак», по специальности агроном, финансист.

С апреля 2000 года начал трудовую деятельность фитосанитарным инспектором Балхашского городского территориального управления МСХ РК. С 2001 по 2006 годы работал главным специалистом Приозерского городского территориального управления МСХ РК. С 2006 по 2015 годы работал в системе местного исполнительного органа: начальник отдела сельского хозяйства города Приозерск, руководитель отдела предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск. с 2016 года по настоящее время занимает должность руководителя аппарата акима города Приозерск. Проживает в Приозерске с 2000 года. Женат, воспитывает 5 детей.

Награжден в 2021 году юбилейной медалью «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл».

**Предвыборная программа:**

Баллотируясь кандидатом в депутаты местного представительного органа власти, я хорошо осознаю всю ответственность и значимость этой общественной работы. Если избиратели окажут мне доверие, я направлю все усилия, весь накопленный опыт на то, чтобы внести свой вклад в развитие города, улучшение уровня жизни населения. Среди наиболее важных задач, над которыми следует работать депутатам, я выделяю для себя следующее:

• обеспечение максимальной занятости молодежи, создание им возможности для полезного проведения досуга;

• содействовать развитию физкультуры и спорта, организации культурно-массовых и спортивных мероприятий. Поднять вопросы строительства новых культурно-досуговых объектов;

• концентрировать усилия на снижении уровня бедности и безработицы. Содействие открытию новых рабочих мест за счет строительства новых объектов МСБ;

• поднять вопросы строительства новых объектов образования и содействие улучшения качества образования и развития сети дошкольных учреждений;

• содействовать на снижение очередности жилья в категории социально-уязвимого слоя населения за счет строительства новых жилых домов и выделения земельных участков для строительства индивидуальных жилых домов;

• содействовать развитию жилищного коммунального хозяйства. В целях качественного оказания коммунальных услуг, способствовать в расширении и модернизации городской котельной, а также ремонта инженерных сетей;

• содействовать на развитию туризма за счет привлечения инвестиций в город.

В случае избрания депутатом городского Маслихата буду встречаться с избирателями, всемерно содействовать решению проблем избирателей.

Оплачено из средств Республиканского бюджета

# «ТАРИХҚА ҚҰРМЕТ, ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ»

**«Жақсының аты өлмейді» деп халық даналығында айтылғандай, елін шексіз сүйіп, ұлтына шынайы қызмет еткен ерлердің есімі әсте, естен шықпауы тиіс. Сондай ерлеріміздің бірі де бірегейі – партия, кеңес, мемлекет қайраткері, Қазақстан өкіметін орнатуға белсене қатысушы, жерлесіміз Шәбден Ералиев. Қазақ сахарасында Кеңес үкіметін орнатуға үлесін қосқан даңқты дарабозымыздың туғанына биыл 125 жыл толып отыр. Осыған орай "Приозерск қалалық кітапханасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Тарихқа құрмет, ерлікке тағзым» атты тақырыпта тарихи кеш ұйымдастырған болатын. Айтулы кеш №2 жалпы білім беретін мектепте, 9-сынып оқушыларының қатысуымен болып өтті. Мақсаты тұғырлы тұлғаның өмір жолы мен жазушылық қызметінен мағлұматтар бере отырып, елжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Шара барысында мемлекет қайраткері Шәбден Ералиевтің өміржолы мен шығармашылығынан слайд көрсетіліп, қызмет жолдарымен тныстырылды.**

Ералиев Шәбден (1898-1928) – партия, кеңес, мемлекет қайраткері, Қазақстан Кеңес өкіметін орнатуға белсене қатысушы. Жаңаарқа ауданында туған. Тәшкен жер шаруашылығы училищесін (1915), осы қаладағы 2 сыныптық училищені, Ішкі істер Халық комиссариатының курстарын бітірген. Тәшкен уездік комитетінің қызметкері (1921ж. дейін), Бүкілресейлік ауылшаруашылық санағының тіркеушісі, жер бөлімінің меңгерушісі, аудандық милиция бөлімінің бастығы, БК(б)П Тәшкен ұйымы Президиумының хатшысы, Түркістан майданы саяси бөлімінің мүшесі болып істеген. Түркістан республикасы милиция басқармасының инспекторы (1921-23), Ақмола уездік, губерниялық милиция бастығы (1923-27) қызметтерін атқарған. 1927ж. Қазақ АКСР ОАК-ның мүшесі болып сайланған. 1928ж. 2 қарашада Маңғыстау облысындағы Адай округтік атқару комитетінің төрағасының орынбасары болып істеп жүргенінде, іссапар кезінде Каспий теңізінің үстінде кемеден із-түзсіз жоғалып кеткен. Қазақстандықпен өлтірілген деген айып тағылып, атышулы «Ералиев ісі» деген қылмыстық іс қозғалған. Нәтижесінде, 70 адам тұтқындалып, 61-і сотталған (9 адам тергеу кезінде түрмеде өлген). Алайда, КСРО Жоғарғы Сотының әскери коллегиясы 1958ж. 8 наурызда бір жылдан кейін денесі теңізден табылған Ш. Ералиевтің мүрдесіне жасалған медицина сараптамасын негізсіз деп тауып, айыпталғандарды ақтап шықты. Ш.Ералиевтің есімімен Жаңаарқа ауданында селолық округ және көше аталады. Маңғыстау өңіріндегі Ш. Ералиев атындағы аудан мен ауылдың аты 90-шы жылдары өзгертіліп, Қарақия ауданы (орталығы Құрық) деп аталады.

Бұл мақалада кеңестік дәуірде өмір сүрген бір ғана тұлғаның өмірі жайлы қысқаша мәлімет беріліп отыр. Ал, мұндай тағдырлар қаншама! Жарқын болашағымыз үшін: «көзі тірі барша адам тиісті тұжырым жасап, өмірде ұстанар жолын мейілінше парасатты, пәтуалы бағытын дұрыс таңдап алуға қарыздар». Ендігі жік-жікке бөліну мен пәтуассыздықты тарих көтермеуі мүмкін. Барымызды мәпелеп, жоғымызды қайта жаңғырту, тарихтан сабақ алу – қасиетті парызымыз. ҚР Президентінің биылғы Жолдауы ұлттық сана жаңғыруына мән берсе, «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласы аясында тәуелсіздікке жету жолындағы тарихи кезеңдердегі саяси жүйе тарихын зерттеу мен зерделеу міндеттерін белгілеп отыр. Жақында жарық көрген кітаптардың бірі, небәрі 30-ақ жыл ғұмыр кешіп, сол қысқа ғұмырында өз ісіне адал болуға күшін салған, жаңалыққа, жақсылыққа жаны құмар болған әйтсе де жұмбақ өлімі әлі күнге талайды толғандырып келген - Шәбден Ералиев жайында жазылды. Ұрпақ бар да, тарихи жады да сабақтастығын табатыны заңдылық.

Сол үшін де өткен тарихи белестерге үңілу, білу, таныс болу өзекті болып табылады. «Ақылды ұлтты» қалыптастыру, ұлттық сананы адамзаттың өркениеттік санасына ұштастырғанда ғана қалыптаса алады. Қандай заман болсын, адами қасиеттің қымбат екені даусыз.

«Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттеріміздің өнегесін жалғап жүре берейік.Сонда ғана олардың есімдері әркез ғұмырлы бола бермек.

Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс!

Тарихымызды таразылай жүрейік!

*Оқу бөлімінің кітапханашысы:*
*И.Н.Талханбаева*

**2023 ЖЫЛ 19 НАУРЫЗ - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТТАРЫН САЙЛАУ КҮНІ**

**САЙЛАУҒА ҚАТЫСАЙЫҚ!**
№ 3 сайлау округі бойынша Приозерск қалалық мәслихат депутаттығына
**КАНДИДАТ**

**ДҮЙСЕМБАЕВ ДУЛАТ ОРЫНБАСАРҰЛЫ**



**19 МАРТА 2023 ГОДА- ДЕНЬ ВЫБОРОВ ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**УЧАСТВУЙТЕ В ВЫБОРАХ !**
**КАНДИДАТ**
в депутаты Приозерского городского маслихата по избирательному округу № 3

**ДЮСЕМБАЕВ ДУЛАТ ОРЫНБАСАРОВИЧ**

Дүйсембаев Дулат Орынбасарұлы 1961 жылдың 21 наурызында Қарағанды облысы, Ағадыр станциясы, кеншілер отбасында дүниеге келген. Ұлты қазақ. Білімі жоғары. 1979-1983 жж. аралығында Жезқазған облысы, Ағадыр ауданы, Мыңбаев совхозында жұмысшы лауазамында істеді. 1979-1981 жж. Кеңес Армиясы қатарында Отан алдындағы әскери борышын өтеді. 1983 жылы Жезқазған облысы, Ағадыр ауданы, «Ортау» совхозында, Ағадыр аудандық комсомол комитетінде белсенді комсомол қызметтерімен айналысқан, аудандық «Ағадыр таңы» газетінде корреспондент, жауапты хатшының орынбасары болып істеді. 1990 жылдың 5 қыркүйегінен Жезқазған облысы, Ағадыр аудандық № 103 ЖМК-да инженер-жабдықтаушы, әрі қарай ауыстыру арқылы Ағадыр аудандық әкімдігі ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс жасады. 1994 жылдың 13 тамызынан 1996 жылдың 7 қаңтарына дейін Ағадыр ауданында жеке кәсіпкерлікпен шұғылданды. 1996 жылдың қаңтар айында отбасымен бірге Қарағанды облысы (бұрынғы Жезқазған) Приозерск қаласына көшіп келіп, 1996 жылдың 1 қазанына дейін қалалық мұрағаттың мұрағатшысы қызметінен бастады. 1996 жылдың 2 қазанынан №2 құрылыс-жөндеу басқармасында ӨТБ инженері, прораб, учаске бастығы және басқарма директорының орынбасары, әрі қарай ауыстыру арқылы Приозерск қалалық әкімдігінің құрылыс бөлімінде 1997 жылдың 1 қыркүйегінен 1998 жылдың 3 наурызы аралығында бас маман лауазымында істеді. 1998 жылдың 5 наурызынан Қарағанды облысы, Приозерск қаласында жеке кәсіпкерлікпен айналысты. 2006 жылы 3 қарашада партия мүшелігіне қабылданып, 2007 жылдың 6 ақпанынан бүгінгі күнге дейін «AMANAT» партиясы Приозерск қалалық филиалының төрағасы қызметін атқарып келеді. Үйленген, бір ұл, бір қызы және бес немересі бар.

**Барлық күш-жігерімді, білімімді және тәжірбиемді сайлауалды бағдарламаларымның күнделікті өмірде іске асырылуына саламын:**

• өз бағдарламамда жастар мен жеткіншек ұрпақтың мәселелері шешілуі қажет деп санаймын;

• жастар үшін жаңа жұмыс орындары ашылуы үшін Приозерск қаласында жаңа инфраструктура дамуына қол жеткізуге ұмтыламын;

• еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, кадрларды қайта даярлау бағдарламаларын тиімді іске асыруға үлесімді қосамын;

• қаламыздағы жолдардың қалыпты жағдайға келтірілуіне күш саламын;

• қаладағы дүкендер мен базардағы баға тұрақтылығын бақылайтын тәуелсіз халықтық бақылау құру мәселесін көтеремін;

• басқа өңірлерден білікті кадрларды тартуға жәрдемдесемін;

• көл жағалауын абаттандыру арқылы Балқаш көлінің демалыс аймақтарында емдеу-сауықтыру туризмін дамытуға ат салысамын;

• жастар мен жасөспірімдердің бос уақыттарын мағыналы өткізуді ұйымдастыруда спорттық дәстүрді қайта дамыту, салауатты өмір салтын насихаттайтын жаппай спорттық іс-шаралардың санын арттыруға себепші боламын;

• Приозерск қаласының тұрғыны ретінде қала тұрғындарының тұрмыстық деңгейінің артуына мүдделімін, атап айтқанда: сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілуіне, жолдардың жөнделуіне, көшелердің жарықтандырылуына ықпал етемін;

• 1,5 мың ағаш отырғызу есебінен қаланы көгалдандыру алаңын ұлғайтуға үлесімді қосамын

*Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді.*

Дюсембаев Дулат Орынбасарович родился 21 марта 1961 года на станции Агадырь, Карагандинской области, в семье шахтера. По национальности казах. Образование высшее. С 1979-1983 года работал в совхозе Мынбаева Агадырского района, Жезказганской области, на рабочих должностях. В этот же период, с ноября 1979-1981 года проходил срочную службу в рядах Советской Армии. С 1983-1990 года занимался активной комсомольской деятельностью в совхозе «Ортауский» и в райкоме комсомола Агадырского района, Жезказганской области, работал корреспондентом, заместителем ответственного секретаря районной газеты «Агадырь таны» («Агадырская новь»). С 5 сентября 1990 года работал инженером – снабженцем ПМК -103, с дальнейшим переводом на должность заведующего организационного отдела в Агадырскую районную администрацию. С 13 августа 1994 года по 07 января 1996 года занимался частным предпринимательством в Агадырском районе. В январе 1996 года переехал вместе с семьёй на постоянное место жительство в г.Приозёрск, Карагандинской (ранее Жезказганской) области, где начал свою деятельность с архивиста Приозёрского городского архива. Со 2 октября 1996 года работал в ремонтно-строительном управлении №2 в г.Приозёрск инженером ТБ, прорабом, начальником участка и заместителем директора, с дальнейшим переводом в Приозёрский городской акимат Карагандинской области в отдел строительства главным специалистом где работал с 1 сентября 1997 года по 3 марта 1998 года. С 5 марта 1998 года занимался индивидуальной предпринимательской деятельностью в г.Приозёрск. С 6 февраля 2007 года работает председателем Приозёрского городского филиала партии «AMANAT», в ряды которой вступил 3 ноября 2006 года. Женат, имеет сына, дочь и пять внуков.

**Приложу все силы, знания и опыт для претворения в жизнь основных положений моей предвыборной программы:**

• в своей программе я считаю необходимым решать вопросы молодежи и подрастающего поколения.

• буду добиваться развития новых инфраструктур в г.Приозерске для создания рабочих мест для молодежи.

• внесу свой вклад в эффективную реализацию программ переподготовки кадров с учетом потребностей рынка труда;

• буду добиваться приведение в нормальное состояние дорог в нашем городе.

• буду ставить вопрос о создании независимого народного контроля за стабильностью цен на рынках и магазинах города, а также за качеством продаваемых продуктов питания

• буду содействие привлечению квалифицированных кадров из других регионов

• участвую в развитии лечебно-оздоровительного туризма в зонах отдыха озера Балхаш через благоустройство набережной озера

• способствовать организации полноценного досуга детей и молодежи, возрождению спортивных традиций города, увеличению числа массовых спортивных мероприятий, пропагандирующих здоровый образ жизни.

• как житель города Приозерск я заинтересован в повышении жизненного уровня жителей города, а именно: обеспечение качественной питьевой водой, ремонт дорог, освещение улиц.

• внесу свой вклад в увеличение площади озеленения города за счет посадки 1,5 тыс. деревьев

*Оплачено из средств Республиканского бюджета*

# «ПУТИ ПРЕДОТВРАЩЕНИЯ РАСПРОСТРАНЕНИЯ ЭКСТРЕМИЗМА СРЕДИ МОЛОДЕЖИ»




Экстремизм и терроризм сегодня – одни из наиболее опасных явлений социальной жизни, дестабилизирующее нормальное функционирование нашего общества и угрожающее жизнедеятельности граждан.

В отличие от обычных групп подростков, совершающих хулиганские действия или акты вандализма, как правило, с целью «поразвлечься», неформальные экстремистские группировки осуществляют свои противоправные действия, базируясь на определенной идеологии, в качестве основного тезиса которой может выступать такой: для преодоления всех политических и экономических проблем в стране необходимо создание «чисто национального» государства, так как это, по их представлению, послужит гарантией от любых угроз.

Профилактика молодежного экстремизма складывается из семейного воспитания, полученного молодым человеком. Нередко именно в сфере семейного воспитания закладывается нетерпимость, формируются экстремистские настроения, приводящие к совершению экстремистских посягательств. В таких случаях рекомендуется проведение бесед специалистом, занимающимся профилактикой экстремизма в молодежной среде с родителями радикально настроенного молодого человека, предупреждение их о недопустимости нарушения требований закона.

Меры профилактики экстремизма:

– создание мест в вузах для талантливой молодежи;

– разработку долгосрочной программы в сфере молодежной политики по противодействию экстремизму;

– усиление роли патриотического воспитания среди молодежи;

– использование родовых связей для воздействия на радикально настроенную молодежь;

– возвращение былого авторитета слова старших;

– профилактику терроризма, которой должны заняться также и институты гражданского общества.

– правовое воспитание молодежи, повышение уровня правовой культуры, преодоление правового нигилизма;

• содействовать повышению охвата детей качественным дошкольным воспитанием;

• оказывать содействие в охвате малоимущих слоев населения социальной помощью;

• содействовать патриотическому воспитанию молодежи;

• обратить внимание населения к вопросам озеленения, благоустройства, санитарной очистки дворовых территорий;

• оказывать содействие в развитии малого и среднего бизнеса в городе.;

Я призываю всех избирателей округа, которые хотели бы выполнения вышеизложенной программы, проголосовать за меня в день выборов.

Оплачено из средств Республиканского бюджета

# ҚАНЫ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ!

Адам ағзасындағы ең маңызды, ең құпия нәрсе – қан. Қан барлық дене мүшелерін қоректендіріп, миды, жүректі шайып тұратыны белгілі. Қан көп кетсе, адам баласы өледі,т.б... Қанның қасиеті немесе кесапаты туралы барлық халықтардың дәстүрінде айтылады. «Жанымның садағасы» деп аруақтарға арнап мал сойып, қан шығаруда да көп мән бар. Бұзақы қылмыскерлер туралы халық «қаны бұзылған» дейді. Сол сияқты біреу ашуланса «қаным қайнап» деп сөйлейді. Ақиқаты мынада: қан – жанның материалдық бейнесі, денедегі айқын көрінісі. Жан – қанның терең, ішкі мағынасы. Ал, сырт көзге қан жай бір қызыл түсті сұйық зат болып көрінеді.

Ойды әрі қарай өрбітсек. Қазіргі медицинада «аурудың барлық түрі – қанның ластануынан болады» деген қорытындыға келіп отыр. Әлемге әйгілі американдық Герберт Шелтон ауру атаулы токсемиядан (қанның улануы) екенін дәлелдеп жазған. Қанның құрамында пайда болған токсиндерді (улы заттарды) қазіргі медицина екі түрлі жолмен тазартады. Біреуі – қанға (тамыр арқылы) тазартқыш дәрі жіберу. Бірақ бұл уақытша жеңілдік беретін тәсіл. Екіншісі – емдік ашығу. Мұсылмандардың оразасы көмектеспейді, себебі күні бойы ашығып, кешкісін тойып тамақ жеу ағзаға зиян. (Ашығу аурудың жағдайына, түріне байланысты әр түрлі мерзімде). Мұның себебі, әлгі қанға жиналған улар – негізінен ас арқылы келген,қазақ «ауру астан» деп бекер айтпаған. Ішіп- жеген тағам қорытылып, қанға айналатынын бәрі біледі. Токсиндер (улы заттар) гмо құрамы бар тағамдардан, сол сияқты жалпы тамақты мөлшерден тыс ішкеннен пайда болады екен. Ашыққанда белгілі бір заңдылық бойынша токсиндер жойылып, қан тазаратыны анықталып отыр.

Ендеше, қанға жиналған зиянкесті токсиндер (улы заттар) дегеніміз өзі не? Қанның түп-төркіні адам жаны дедік, ал токсиндердің түп-төркіні не болғаны? (Дәлірек айтсақ, «кім болғаны?»). Токсиндер деп жүргеніміз шын мәнінде саналы, бірақ лас информация жинаған энергетикалық түйіршіктер. Бұл лас түйіршіктердің ішкі мағынасы, түп-төркіні – жын-перілер. Қан бұзылса, кісі де бұзылады. Мына мұсылмандардың шайтан деп жүргені екі мүйізі бар мақұлық емес, шайтан ол – сенің жаман ойың. Бәрін өзіңнің бұзылған қаның жасайды. Олай болса, көп ішіп, көп жеумен арам көбейеді». Токсиндер (енді оларды жын-шайтанның материалдық бейнесі деп білеміз) адам бойындағы жануарлық сипаттарды күшейтеді. Қазіргі жағдайда жер бетіндегі көптеген адамзат ұрпағының қаны бұзылған. Жай адамдардың өздерінде токсиндер көп болып, мінезі мен денсаулығына кері әсерін тигізіп жатса, психикалық ауруға шалдыққандардың қандары мүлдем уланған. Қазақ ондай адамды «жынды» деп дұрыс айтады. Себебі олардың қандарында жын-шайтан толық үстемдік алған. Сөйтіп, миын, жүрегін жаулап алып, есінен адастырған. Қазір Европа мен Ресейде психикалық ауруларды 21 күндік, 40 күндік т.б. әр түрлі мерзімдегі толық ашығу тәсілімен емдеу қолданылады. Ол ғажап нәтижелер беруде. Тамақты шектеп ішіп, қазақи танымды ұстаған адамның қаны тазарады. Сонымен бірге миы, жүрегі, бауыры тазарып, санасы өседі, жаны да, дені де сау болады. Ашыққанда токсиндер қорек таба алмай, құриды.

Қазақтың «ақсүйек» сөзін көпшілік дұрыс мағынада түсіне бермейді. Мәселе мынада: тазарған қан сүйекке де әсер етеді екен. Жаны, санасы, қаны өзгергендіктен, тұла бойын таза энергия (нұр) жайлағандықтан адамның сүйектері де осы нұрды сіңіріп, қасиетті болып кетеді. Сүйектің түсі өзгеріп, ағарады. Қазақ әулиелердің басына неге түнейді? Себебі, олардың сүйектерінен жай көзге көрінбейтін ақ сәуле, шипалы нұр шығып тұрады. «Сүйегі асыл! деген қазақтың сөзі ең әуелі рухани мағынада қолданылған. Қазағым қан мен жанның байланысын түсініп, адамдар тазаруға ұмтылса екен.

Қазақ – дана, текті, ақсүйектік сипаттағы халық болған. Қаншама батыр, би, данышпандар туғызған. Алайда, бертін келе араби-парсы мәдениеттің кесірінен қаны бұзыла бастаған. Қазақи ұлттық дәстүрімізге, ұлттық қан тазалығымызға (генофонд) үлкен қауіп төніп тұрған осы кезде дәстүрлі өмір салтымызға оралуымыз ауадай қажет. Қан тазарса – жан тазарады. Жан тазару дегеніміз – адамгершілік, адалдық, ізгіліктің жеңуі, қоғамның шынайы алға басуы. Барлығымыздың түп мақсатымыз да осы. Рухани заңдылықтар мен материя (дене) заңдылықтары бір-бірін толықтырады. Көпшілік «жан» дегенді құр абстракция, түсініксіз бірдеңе (идея, бейне, т.с.с.) деп түсінеді. Ал расында жан тәнмен өте тығыз байланыста. «Тәні саудың – дені сау, Дені саудың – жаны сау» дейді қазақ мақалы.

**Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ**

**2023 ЖЫЛ 19 НАУРЫЗ - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТТАРЫН САЙЛАУ КҮНІ**

**САЙЛАУҒА ҚАТЫСАЙЫҚ !**
№ 7 сайлау округі бойынша Приозерск қалалық мәслихат депутаттығына
**КАНДИДАТ**

**БЕЙСКЕЕВА ИРИНА ВЛАДИМИРОВНА**



Бейскеева Ирина Владимировна 1985 жылы 03 мамырда Қарағанды облысы, Приозерск қаласында жұмысшы отбасында туылған. Ұлты орыс. Білімі жоғары.
2002-2007 ж.ж. қазіргі заманауи гуманитарлық академияның информатика және есептік техника мамандығы бойынша оқуын аяқтаған. 2018 жылы Алматы экономика және статистика академиясын экономист мамандығы бойынша бітірген.
Еңбек өтілін 2004-2007 жж. «Валют-Транзит Фонд» АҚ бас маманы қызметінен бастады. 2001-2013 жж. «ҰларҮміт» МЕФ АҚ бас маманы болып қызмет атқарды. 2013-2019 жылдары «БЖЗҚ» АҚ Қарағанды облыстық филиалының Приозерск қаласында қызмет көрсету орталығында басшысы лауазымында жұмыс істеді. Қазіргі уақытта «Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ-де маман болып жұмыс атқарады. Тұрмыста, екі бала тәрбиелеп отыр.

**Сайлау алдындағы бағдарлама:**
• атаулы әлеуметтік көмек сұрақтарын шешу;
• апатты және көне үйлерді бұзу;
• денсаулық сақтау мекемелерінің материалдық және қаржылық мәселелерін шешу, қызмет сапасын арттыру ;
• автотұрақ құрылысын жүргізу;
• қаланы абаттандыру, спорттық алаңшықтар салу, аулаларды көркемдеу және көшелерді жасыл желектендіру;
• қаланың транспорт жүйелерін жетілдіру, жол-көлік қауіпсіздігіне көңіл бөлу.

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді.

**19 МАРТА 2023 ГОДА- ДЕНЬ ВЫБОРОВ ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**УЧАСТВУЙТЕ В ВЫБОРАХ !**
**КАНДИДАТ**
в депутаты Приозерского городского маслихата по избирательному округу № 7

**БЕЙСКЕЕВА ИРИНА ВЛАДИМИРОВНА**

Бейскеева Ирина Владимировна родилась 03 мая 1985 года в городе Приозерск, Карагандинской области в семье рабочих. По национальности русская. Образование высшее.
С 2002-2007 гг. окончила современно-гуманитарную академиию по специальности информатика и вычислительная техника. В 2018 году закончила Алматинскую академию статистики по специальности экономист.
Трудовую деятельность начала с 2004 по 2007 гг. в АО ННП «Валют-Транзит Фонд» в должности главного специалиста. С 2011 по 2013 гг. работала АО НПФ «ҰларҮміт» в должности специалиста. С 2013-2019 гг. работала в Центре обслуживание г.Приозерск Карагандинского областного филиала АО «ЕНПФ» в должности начальника. В настоящее время работает в КГУ «Центр занятости населения акимата города Приозерск» специалистом.
Замужем, воспитывает двоих детей.

**Предвыборная программа:**
• решение вопроса об адресной социальной помощи;
• снос старого и ветхого жилья;
• улучшение услуг и материальной базы, финансовая поддержка здравоохранения;
• строительство автостоянок;
• благоустройство города, строительство спортивных площадок, и дворов, озеленения улиц;
• усовершенствование транспортной системы города, безопасности дорожного движения;

Оплачено из средств Республиканского бюджета

# ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРТУ КҮНІ




2023 жылғы 20 ақпан күні «Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ ұйымдастыруымен Приозерск қаласының «Достық» балалар - жасөспірімдер шығармашылық орталығында, Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «№1 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің жоғары сынып оқушыларымен «Әскерге шақырту күні» іс-шарасы өткізілді.

Кездесудің мақсаты: әскери-патриоттық тәрбие беру, жастардың бойында патриоттық сезімін қалыптастыру, Отанды қорғауға дайындық, жас ұрпақтың әскери білімдерін кеңейту.

Іс-шараға Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері ардагерлерінің төрағасы Кенжебеков.Т.А., 06708 әскери бөлімінің: офицері, майор Есмаханбетов Н.Қ, қатардағы жауынгер Нұрғалиев.А.Н., қатардағы жауынгер Омаров.Ә.Б., қатардағы жауынгер Бердібеков.М.А. және «Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ басшысы Сүлейменов Н. М., орталықтың әдіскер ұйымдастырушысы Абдурахманов Е. Н. мен бірлесе отырып Қазақстан Республикасындағы әскери қызметінің жаңа мүмкіндіктері мен перспективаларын жастарға таныстырды. Жоғары сынып оқушыларына «Армия - жаңа мүмкіндіктер кепілі!» атты буклеттер таратылды.

20 февраля 2023 года Молодежным ресурсным центром города Приозерск в КГКП «Центр детско - юношеского творчества «Достық» города Приозерск» с учащимися старших классов КГУ «Общеобразовательная школа №1» отдела образования города Приозерск управления образования Карагандинской области было проведено мероприятие «День призывника».

Главной целью встречи является: военно-патриотическое воспитание, формирование у молодёжи чувства гражданского долга, готовности к защите Отечества, расширение знаний молодого поколения об армии.

На мероприятие были приглашены военнослужащие в/ч 06708 майор Есмаханбетов Н. Қ., солдаты срочной службы Нұрғалиев А.Н., Омаров А.Б., Бердибеков М.А. и председатель Совета ветеранов ВС РК Кенжебеков Т.А. которые совместно с руководителем КГУ «Молодежного ресурсного центра города Приозерск» Сулейменовым Н.М. и методистом организатором Абдурахмановым Е.Н. ознакомили юношей с новыми возможностями и перспективами армейской службы в Республике Казахстан. Старшеклассникам были розданы буклеты «Армия - жаңа мүмкіндіктер кепілі»

***Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы***

**2023 ЖЫЛ 19 НАУРЫЗ - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТТАРЫН САЙЛАУ КҮНІ**

**САЙЛАУҒА ҚАТЫСАЙЫҚ !**
№ 7 сайлау округі бойынша Приозерск қалалық мәслихат депутаттығына
**КАНДИДАТ**

**НАРЕСТИНА ЖАЗИРА ЕСЕНАМАНҚЫЗЫ**



Нарестина Жазира Есенаманқызы 1973 жылдың 29 қазанында Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданында дуниеге келген. Ұлты қазақ. Білімі жоғары. 2008 жылы Ресей-Қазақстан унивеситетін информатика және есептеу техникалары маманы бойынша бітірген.

Еңбек өтілін 1990 жылы Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Құмөзек совхозының № 1 бригадасында жылқышының көмекшісі болып бастаған, 1992 жылы Қарағанды облысы, Ағадыр аудандық ауруханасының балалар бөлімшесіне санитарка лауазымында болған, 1993 жылы Қарағанды облысы, Приозерск қаласының полиция күзет қызметінің техничкасы, 2004 жылы Қарағанды облысы, Приозерск қаласындағы 06708 әскери бөліміне келісім-шарт бойынша әскери қызметінде болып, 2018 жылы шекті жас мөлшеріне жетуіне байланысы әскери зейнетке шықты. 2019 жылы Қарағанды облысы, Приозерск қаласындағы 18405 әскери бөліміне аға маман (жауапты орындаушы) лауазымына жұмысқа қабылданданып, 2019 жылы Қарағанды облысы Приозерск қаласындағы «Балақай» бөбекжайына директордың шаруашылық жұмыстар бойынша орынбасары болған. Бүгінгі күні «Приозерск қаласының жұмыспен қамту бөлімінде» маман болып жұмыс істейді.

**Депутат - қарапайым азаматтық халықтың ортасынан шыққан адам болуға тиіс деп санайды, сонымен қатар ол адамға - депутатқа халықтың күнделікті шешілмеген сұрақтарымен мәселелері белгілі болуы керек деп санайды, себебі депутат халықтың қалауын және қала тұрғындарын қызықтыратын мәселелерін шешуге тиіс, яғни қаланы абаттандыру:**

- Мектепке дейінгі мекемелерін қосымша құрылуы;
- Тұрғындардың құқықтарын бұзуға жол беретін коммерциялық құрылыстар түрлерін тоқтату;
- Бақылау мақсатында автобустардың жүру графиктерін бекеттерге орнату;
- Коммуналдық төлем бойынша үнемдеу мақсатында, әр-бір тұрғын үйге жылу есептегішін орнату,
- Қаланың мектептеріне орталық қауіпсіздік жүйесин енгізу;
- Мәдениет, денсаулық, спорт саласы жұмысының өрлеуіне табандылықпен ат салысамын;
- Қоршаған ортаны қорғау, Балқаш көлінің экологиялық ахуалын жақсарту бойынша шаралардың қабылдануына ат салысамын.

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді.

**19 МАРТА 2023 ГОДА- ДЕНЬ ВЫБОРОВ ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**УЧАСТВУЙТЕ В ВЫБОРАХ !**
**КАНДИДАТ**
в депутаты Приозерского городского маслихата по избирательному округу № 7

**НАРЕСТИНА ЖАЗИРА ЕСЕНАМАНОВНА**

Нарестина Жазира Есенамановна родилась 29 октября 1973 года, Мойынкумском районе, Жамбылской области. По национальности казашка. Образование высшее. В 2008 году окончила Российско-Казахстанский университет, по специальности информатика и вычислительная техника.

Трудовую деятельность начала в 1990 году помощником животновода в бригаду № 1 Совхоза Кумозек, Мойынкумского района, Жамбылской области. 1992 году была в должности санитарки в детское отделение Агадырской районной больницы, 1993 году была принята на работу на должность технички службы охраны полиции города Приозерск, Карагандинской области, 2004 году работала по контракту в воинскую часть 06708 г. Приозерск, Карагандинской области, а в 2018 году вышла на военную пенсию по достижению предельного возраста. 2019 году принята на работу в воинскую часть 18405 г. Приозерск, Карагандинской области на должность старшего специалиста (ответственного исполнителя), в 2019 году была принята на работу в ясли-сад «Балақай» г. Приозерск, Карагандинской области на должность заместителя директора по хозяйственной работе. В настоящее время работает в ГУ «Отделе занятости и социальных программ города Приозерск» специалистом.

**Депутат должен избираться из числа простого гражданского народа, которым известны те трудности, с которыми ежедневно сталкиваются горожане, так как депутат выражает волю народа, он должен заботиться о интересах жителей города, о благоустройстве города и своих избирателей:**

- Строительство дополнительных дошкольных учреждений;
- Прекращение отдельных видов коммерческого строительства - пристроек, ущемляющих права граждан;
- Установка информационных табличек на остановках с указанием времени движения маршрутных автобусов, позволяющей контролировать соблюдение графика передвижения автобусов;
- Снижение коммунальных платежей путем установки общедомовых автоматизированных систем учета тепла в каждом доме, в целях значительного экономия затраты на коммунальные услуги;
- Введение централизованной системы безопасности в школах города;
- Буду всемерно поддерживать развитие физкультуры, спорта и здорового образа жизни;
- Буду выступать за принятие соответствующих мер по охране окружающей среды, по улучшению состояния экологии озера Балхаш.

Оплачено из средств Республиканского бюджета

# ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУ КЕПІЛДЕНДІРІЛГЕН САҚТАНДЫРУ КЛАСТАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІН КЕҢЕЙТУГЕ МҮМКІНДІК БЕРДІ

2022 жылы кепілдендірілген сақтандыру кластарының тізімі кеңейтілді. Егер бұрын Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры сақтандырудың 5 класына кепілдік берсе, қазір олардың саны – 10. Оның ішінде екеуінің әлеуметтік маңызы бар – зейнетақы аннуитеті шарттары және мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберіндегі шарттар. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды қабылдау нәтижесінде мүмкін болған жаңашылдықтар туралы агенттік төрағасының орынбасары Мария Хаджиева айтып берді.

Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының негізгі функциялары мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымдарының клиенттеріне кепілдік төлемдері, егер жүргізуші ЖКО орнынан кетіп қалса, жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды өтеу бойынша төлемдерді жүзеге асыру болып табылады.




«Сақтандыру ұйымы мәжбүрлеп таратылған жағдайда тұтынушылар сақтандыру ұйымы агенттігі лицензиядан айырғаннан кейін бірден қор қаражаты есебінен төлемдер алады. Бұл сақтандыру төлемдерін алу мерзімін едәуір қысқартады, ал бұған дейін тұтынушы сақтандыру ұйымын тарату туралы сот шешімінің күшіне енуін күткен болатын. Осылайша, сақтандыру ұйымын тарату процесі оның клиенттеріне білінбей қалады», – деді Мария Хаджиева Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифинг барысында.

Соңғы 5 жылда Қор жүргізуші ЖКО орнынан кетіп қалған жағдайда, жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды өтеу үшін 184 млн теңгеге 78 төлем, сақтандыру ұйымдарының кредиторларына 162 млн теңгеге 289 кепілдік төлем жасады.

***ortcom.kz***

**2023 ЖЫЛ 19 НАУРЫЗ - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТТАРЫН САЙЛАУ КҮНІ**

**19 МАРТА 2023 ГОДА- ДЕНЬ ВЫБОРОВ ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**САЙЛАУҒА ҚАТЫСАЙЫҚ !**
№ 8 сайлау округі бойынша Приозерск қалалық мәслихат депутаттығына
**КАНДИДАТ**

**АЙТБАЕВ**
**ҚАЙНАР ҚАЙСАРҰЛЫ**



**УЧАСТВУЙТЕ В ВЫБОРАХ !**
**КАНДИДАТ**
в депутаты Приозерского городского маслихата по избирательному округу № 8

**АЙТБАЕВ**
**КАЙНАР КАЙСАРОВИЧ**

Айтбаев Қайнар Қайсарұлы 1990 жылы 1 қазанда Қырғызстан Республикасы, Соқұлақ ауданы, Жаңа-жер кентінде дүниеге келген. Ұлты қазақ. Білімі жоғары.

2012 жылы Қарағанды облысы Балқаш қаласының Болашақ колледжін құқық қорғау қызметі мамандығы бойынша, 2015 жылы Қарағанды қаласының Фемида университетін заңтану мамандығы бойынша аяқтаған.

Қазіргі уақытта Приозерск қаласының жеке кәсіпкері.

Үйленген, үш баласы бар.

**Депутаттық лауазымды пайдалана отырып, төмендегідей әлеуметтік және басқадай сауалдардың дұрыс шешілуіне ат салысу.**

- экономикалық қылмыспен және жемқорлыққа қарсы күрес;
- зейнеткерлер мен мүгедектердің, көп балалы жанұялардың әлеуметтік жағдайлары мәселелерін шешу;
- қалалық коммуналдық шаруашылық жөніндегі басқарманың халыққа қызмет көрсетудегі жұмыстарының дұрыс орындалуын зерделеу және соған ықпал жасау;
- жұмыссыздыққа қарсы күреске белсене араласу, жұмыс орнын дайындау және әлеуметтік заңдылық түрде қорғау іс-шараларына ықпал жасау;
- үй мәселесінің дұрыс шешілуі Қазақстан Республикасы заңдылықтарына сәйкес жеке меншікке берілуі;
- қала көшелерін толық жарықтандыру мәселесін көтеру, қоғамдық көлік жұмысын жұмысын ұйымдастыру.

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді.

Айтбаев Кайнар Кайсарович, родился 1 октября 1990 года в поселке Жана-жер, Соклукского района, Республики Кыргызстан. По национальности казах. Образование высшее.

В 2012 году окончил колледж Болашак города Балхаш, Карагандинской области, по специальности правоохранительная деятельность, а в 2015 году университет Фемида города Караганды по спциальности юриспруденция.

В настоящее время индивидуальный предприниматель города Приозерск.

Женат, имеет троих детей.

**Используя депутатские полномочия намерен добиваться решений следующих социально-правовых и других вопросов:**

- борьба с коррупцией и экономическими преступлениями.
- решение вопросов социальной защиты малоимущих, многодетных семей, инвалидов и пенсионеров;
- содействие разрешению основных проблем городского населения, связанных с работой предприятий коммунальных сфер;
- борьба с безработицей, создание рабочих мест и обеспечение государственной гарантий социальной защиты их;
- принимать участие в решении вопросов распределения жилья и его приватизации в строгом соответсвии с законодательством РК;
- добиваться полного освещения городских улиц, организации работы общественного транспорта.

Оплачено из средств Республиканского бюджета

# ЕҢБЕК МИНИСТРЛІГІНДЕ ПЛАТФОРМАЛЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекеттік органдар тарапынан іс-шараға Еңбекмині, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, ҚР Ұлттық экономика министрлігі, ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің өкілдері қатысты.

Жиналысты аша отырып, Ақмәди Сарбасов Қазақстанда, әсіресе такси және курьерлік жеткізу қызметтері саласында платформалық жұмыспен қамтудың белсенді дамуын ескере отырып, мемлекеттік органдар платформалық жұмыспен қамтуды дамыту үшін кедергілер мен шектеулер жасамай, интернет-платформаларда жұмыс істейтін адамдарды қолданыстағы әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне ресімдеу және тарту бойынша жұмыс жүргізіп жатқанын атап өтті. Жақын арада заңнамаға интернет-платформа операторы, тапсырыс беруші мен орындаушы арасындағы өзара қарым-қатынасты нақты реттейтін түзетулер қабылданады деп күтілуде.

Ақмәди Сарбасов жұмыстың тағы бір негізгі кезеңі ҚР Салық кодексінде жаңа жеңілдетілген салық режимін және платформалық жұмыспен қамтылғандар үшін қарапайым тіркеу рәсімін енгізуді белгіледі.

«Салықтық әкімшілендіру жөніндегі пилоттық жобаны іске асыруды бастау қажет, оның шеңберінде интернет-платформалар операторының орындаушылар үшін салық міндеттемелерін орындауы сынақтан өткізілетін болады», – деп атап өтті вице-министр.



Кеңеске қатысушылар интернет-платформаларды пайдалана отырып қызметтер көрсететін тұлғаларды салықтық әкімшілендіру жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру үшін одан әрі өзара іс-қимыл, оның ішінде техникалық интеграция бөлігінде өзара іс-қимыл туралы уағдаласты.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде (бұдан әрі-Еңбекмині) бірінші вице-министр Ақмәди Сарбасовтың төрағалығымен платформалық жұмыспен қамтуды құқықтық реттеу мәселелері бойынша мемлекеттік органдар мен Wolt компаниясы өкілдерінің жұмыс жиналысы өтті, деп хабарлады ведомствоның баспасөз қызметі.

***ortcom.kz***


**2023 ЖЫЛ 19 НАУРЫЗ - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТТАРЫН САЙЛАУ КҮНІ**

**САЙЛАУҒА ҚАТЫСАЙЫҚ !**

№ 8 сайлау округі бойынша Приозерск қалалық мәслихат депутаттығына

**КАНДИДАТ**

**ҚАРАБАЛАЕВ ТАЛҒАТ ӘЛІМЖАНҰЛЫ**



**19 МАРТА 2023 ГОДА- ДЕНЬ ВЫБОРОВ ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**УЧАСТВУЙТЕ В ВЫБОРАХ !**

**КАНДИДАТ**

в депутаты Приозерского городского маслихата по избирательному округу № 8

**КАРАБАЛАЕВ ТАЛГАТ АЛИМДЖАНОВИЧ**

Қарабалаев Талғат Әлімжанұлы 1978 жылы 22 қантарда Алматы облысы, Ұйғұр ауданы, Кетмен ауылында туылған. Ұлты қазақ. Білімі жоғары.

1985-1995 жж. Будетин орта мектебінде оқыған. 1995 жылы К. И. Сатпаев атындағы қазақ ұлттық техникалық университетіне оқуға түсіп, 2000 ж. оқуды аяқтады.

2000 жылдан бастап еңбек жолы «Майкаинзолото» ЖШС диірмен машинисттен басталды. 2001 жылдан бастап гидротехникалық құрылымдардың мастер лауазымына ауыстырылды. Сол жылы қарай концентраторщиктар бригадирі лауазымына аустырылды. 2003 жылдан бастап бас инженер болды. Майкаин байыту фабрикасының қайта жөндеу бойынша жобасын басқарды. 2008 жылы байыту технолог болып қабылданды, кейін «Ер-тай» ЖШС бас инженер лауазымына аустырылды. 2011 жылдан бүгінгі күнге дейін «Ер-тай» ЖШС директоры қызметінде. Еңбек жолында бір қтар мадақтама және алғыс хаттарға ие болды. «Қазақстан Республикасы Мәслихатының 20 жылдығына» орай медальмен марапатталды. Үйленген, екі бала тәрбиелеп отыр.

**Сайлау алдындағы бағдарлама:**

• жергілікті атқарушы органдардың басшыларына талаптарын күшейту және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету үшін өзінің қызметтік міндеттерін атқару үшін олардың жауапкершілігін арттыру;

• Приозерск қаласы тұрғыдарының денсаулық сақтау, білім беру және коммуналдық саласындағы сапалы мемлекеттік қызметтерді қамтамасыз ету;

• Приозерск қаласының экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламаларының орындалуын тиімді бақылау;

• Приозерск қалалық мәслихатының басқа өкілдіктерді іске асыру;

• жұмыссыз жастарды жұмыспен қамтуға ат салысу;

• қала тас жолдарын жөндеуге және күтіп ұстауға үлесімді қосамын.

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді.

Карабалаев Талгат Алимджанович родился 22 января 1978 года в селе Кетмен, Уйгурского района, Алматинской области. По национальности казах. Образование высшее.

1985-1995 годы обучался в Будетинской средней школе. В 1995 году поступил в казахстанский национальный технический университет им. К.И. Сатпаева и окончил в 2000 году.

Трудовую деятельность начал с 2000 года машинистом мельницы в ОАО «Майкаинзолото». В 2001 г. преведен на должность мастера гидротехнических сооружений. В конце того же года переведен на должность бригадира концентраторищиков. С 2003 года занимал должность главного инженера. Руководил проектом по реконструкции Майкаинской обоготительной фабрики. В 2008 был принят на должность технолога-обоготителя, позже был переведен на должность главного инженера ТОО «Ер-тай». С 2011 г по настоящее время работает директором ТОО «Ер-тай». За всю трудовую деятельность не раз поощрялся грамотами и благодарственными письмами. Был удостоен медали в честь «20-летия Маслихата Республики Казахстан». Женат, воспитывает двоих детей.

**Предвыборная программа:**

• усиление требовательности к руководителям местных исполнительных органов власти и повышения их ответственности за исполнение возложенных на них обязанностей по обеспечению прав и законных интересов граждан;

• обеспечение жителей города Приозерск качественными государственными услугами в сферах здравоохранения, образования и в коммунальной сфере;

• эффективный контроль по исполнению программ экономического и социального развития города Приозерск;

• реализации других полномочий Приозерского маслихата;

• проведение ремонта и содержание городских дорог;

• содействие занятости безработной молодежи.

Оплачено из средств Республиканского бюджета

# ҚР ЕХӘҚМ: 2023 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР АЙЫНДА КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАР 33,1 МЛРД ТЕҢГЕГЕ ЖӘРДЕМАҚЫ АЛДЫ



Ағымдағы жылғы қаңтар айында көпбалалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы 532,6 мың отбасына 33,1 млрд теңге мөлшерінде жәрдемақы төленді.

Бұл мемлекеттік жәрдемақыға 4 және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын студент балалары бар отбасылар табысына қарамастан үміткер бола алады.

Төлем мөлшері бала санына қарай есептеліп төленеді. Көпбалалы отбасыларындағы:

- 4 баласы бар отбасыларғы – 16,03 АЕК немесе 55 304 теңге;
- 5 балаға – 20,04 АЕК немесе 69 138 теңге;
- 6 балаға – 24,05 АЕК немесе 82 973 теңге;
- 7 балаға – 28,06 АЕК немесе 96 807 теңге;
- 8 және одан да көп баласы бар отбасыларға – әр балаға 4 АЕК немесе 13 800 теңге мөлшерінде.

Көпбалалы отбасыларға олардың табысын есепке алмай берілетін мемлекеттік жәрдемақы Қазақстанда 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа тетіктерінде көзделген табысы аз және көпбалалы отбасыларды қолдаудың үш негізгі бағыты аясында енгізілген.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап балалы отбасыларға тағайындалатын мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері 8,5%-ға өсті.

***ortcom.kz***

---

**2023 ЖЫЛ 19 НАУРЫЗ - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТТАРЫН САЙЛАУ КҮНІ**

**САЙЛАУҒА ҚАТЫСАЙЫҚ !**
№ 9 сайлау округі бойынша Приозерск қалалық мәслихат депутаттығына
**КАНДИДАТ**

**АБДУРАХМАНОВ ЕРЖАН НҰРЛАНБЕКҰЛЫ**



Абдурахманов Ержан Нұрланбекұлы 1994 жылы 6 қазанда Өзбекстан Республикасы, Хорезм облысы, Топыраққала ауылында туылған. Ұлты қазақ. Білімі орта кәсіптік. 2014 жылы Балқаш көпсалалы колледжін жол қозғалысын ұйымдастыру мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2014 жылдың қаңтарынан 2015 жылдың ақпан айына дейін «Приозерск қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінде методист-ұйымдастырушы қызметінен бастаған. 2015 жылдың ақпаны мен шілде айы аралығында «21 пайдалану учаскесі» Республиалық мемлекеттік мекемеде шебер, содан соң гараж бастығы қызметін атқарды. 2018 - 2020 жылдар аралығында Приозерск қаласының № 15 өрт сөндіру бөлімінде жүргізуші болып жұмыс атқарды. 2020 жылдың шілде айынан бастап бүгінгі күнге дейін жеке кәсіпкер, кафетерий иесі.

Үйленген, 2 бала тәрбиелеп отыр.

**Егер мен сіздердің еріктеріңізбен қалалық мәслихат құрамына сайлансам,нақты не үшін күресетін боламын?**

• қаланың әлеуметтік-экономикалық мәселелеріне баса көңіл бөлемін;

• қаланы дамыту жоспарының әлеуметтік және экономикалық бағдарламаларын талқылануы мен жүзеге асыруға белсене қатысамын;

• экономиканың нақты секторларын дамыту, кіші және орта бизнесті өркендетуге бағытталған шараларды қолдап-қуаттаймын;

• халықтың әлеуметтік жағынан нашар қорғалған бөлігінің әл-ауқатын жақсарту,ана мен балалықты қорғауды күшейту, сондай-ақ жастар проблемасын, олардың жұмыспен қамтылуына арналған шараларды дайындау мен бекітуге белсене күш саламын;

• тұтынушылардың және өз бизнестерін адал түрде жүргізуші кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға ат салысамын.

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді.

**19 МАРТА 2023 ГОДА- ДЕНЬ ВЫБОРОВ ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**УЧАСТВУЙТЕ В ВЫБОРАХ !**
**КАНДИДАТ**
в депутаты Приозерского городского маслихата по избирательному округу № 9

**АБДУРАХМАНОВ ЕРЖАН НУРЛАНБЕКУЛЫ**

Абдурахманов Ержан Нурланбекулы родился 6 октября 1994 года в селе Топыраккала, Хорезмской области, Республики Узбекистан. По национальности казах. Образование средне специальное. В 2014 году окончил Балхашский многопрофильный колледж, по специальности организация дорожного движения.

В январе 2014 года по февраль 2015 года работал методист-организатором ГУ «Отдел культуры и развития языков города Приозерск». С февраля по июль 2015 года работал мастером, затем начальником гаража РГУ «21 Дорожно-эксплуатационный участок». 2018 – 2020 года работал водителем в пожарной части №15 города Приозерск. С июля 2020 года по настоящее время является индивидуальным предпринимателем, владелец кафетерий.

Женат, воспитывает 2-х детей.

**За что я буду бороться, если по вашей воле буду избран в городской маслихат?**

• уделю особое внимание вопросам социально-экономической жизни города;

• приму активное участие в обсуждении и реализации планов экономических и социальных программ развития города;

• поддерживать меры, направленные на развитие реального сектора экономики, малого и среднего бизнеса;

• буду активно участвовать в разработке и утверждении меры по улучшению благосостояния социально незащищенных слоев населения, по усилению, усилению охраны материнства и детства, по проблемам молодежи и их занятости;

• содействовать защите прав потребителей и предпринимателей, честно занимающихся бизнесом.

Оплачено из средств Республиканского бюджета

# ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІ: ЖАҢА НОРМА ЖЕКЕ СЕКТОРДАН БІЛІКТІ ЖӘНЕ САЛАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ БАР МАМАНДАРДЫ ТАРТУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

Мемлекет басшысының мемлекеттік қызметке кіруде артық кедергілерді жою, азаматтар үшін мемлекеттік қызметтің барынша ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету туралы тапсырмасы аясында былтыр «Мемлекеттік қызмет туралы» ҚР заңына тиісті түзетулер енгізілді. Бұл ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен келісім бойынша мемлекеттік органдардың жоғары тұрған кейбір лауазымдарына конкурссыз тікелей тағайындауды белгілейді. Ведомство төрағасының орынбасары Азамат Жолмановтың айтуынша, осы өзгерістер мен толықтырулар мемлекеттік органдардың дербес құрылымдық бөлімшелерінің немесе осы орталық мемлекеттік органның өңірдегі бөлімшелерінің басшыларын және өңірлердегі басқарма басшыларын тағайындауға қатысты.




«Жыл басынан бері агенттіктің келісімімен осындай нормамен 14 тағайындау келісілген болатын. Бұл жеке сектордан білікті және салалық тәжірибесі бар мамандарды тартуға мүмкіндік береді. Жергілікті атқарушы органдарда, мәслихаттар аппараттарында, тексеру комиссияларында, орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінде (Астанадан басқа) оқу бітіргеннен кейін бір жыл ішінде жоғары үлгерімін көрсеткен Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының үздік түлектерін мемлекеттік лауазымдарға конкурстан тыс тағайындау көзделген. Бұл норма мемлекеттік қызметшілерді білімі, біліктілігін, құзыреттілігін көтеруге ынталандыруға бағытталған. Өз кезегінде академия түлектері оқуды аяқтау аясында бағалау орталығынан өтіп, оларға қатысты тиісті ұсыным шығарылатын болады. Айта кетерлік жайт, өткен жылы академияға түсетін абитуриенттер саны 9 есеге өсті», - деді спикер Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте.

Конкурстан тыс тағайындау мүмкіндігі мемлекеттік тапсырыс аясында оқыған және өзінің жоғары үлгерімін көрсеткен қазақстандық жоғары оқу орындарын аяқтаған үздік түлектеріне де беріледі. Олар облыс аудандары, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімі аппаратының басшы емес лауазымдарына орналаса алады.

*ortcom.kz*

---

**2023 ЖЫЛ 19 НАУРЫЗ - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ КҮНІ**

**САЙЛАУҒА ҚАТЫСАЙЫҚ !**
№ 9 сайлау округі бойынша Приозерск қалалық мәслихат депутаттығына
**КАНДИДАТ**

**АЛТАЕВА ҚАРЛЫҒАШ ИГІЛІКҚЫЗЫ**



Алтаева Қарлығаш Игіліккызы 1974 жылы 27 қазанда Қарағанды облысы, Сары-Шаған кентінде туылған. Ұлты қазақ. Білімі жоғары. Орта мектепті бітіргеннен кейін 1992 жылы «Алматы қаласының есеп-кредит техникумына» оқуға түсіп, 1995 жылы «Банк колледжін» банк ісі мамандығы бойынша бітірді. 1998-2001 жылдары Алматы қаласындағы Алматы коммерциялық институтын қаржы және несие мамандығы бойынша бітірген. 2012-2014 жылдары Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетін заңгер мамандығы бойынша аяқтаған.

Еңбек жолын 1997 жылдан бастап Приозерск қаласы бойынша салық бөлімінде, зейнетақы қорына түсімдерді бақылау жөніндегі бас салық инспекторы болып бастады. 2009-2010 ж.ж. Приозерск қаласы бойынша салық басқармасы бастығының орынбасары лауазымында болған. Құрылымның өзгеруіне байланысты Приозерск қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының салық төлеушілермен жұмыс бөлімінің бас маманы болды. 2016 жылдан бастап 2021 жылға дейін Приозерск қаласы бойынша МКБ-да салық төлеушілермен жұмыс жөніндегі бөлім басшысы лауазымына тағайындалды. 2021 жылдың желтоқсан айынан бастап бүгінгі күнге дейін Қарағанды облысы кәсіпкерлер палатасының Приозерск қаласындағы филиалының директоры болып табылады. Тұрмыста, 3 баласы бар.

**Сайлау алдындағы бағдарлама:**

• кәсіпкерлікті дамыту бойынша шағын несиелендіруді қамтуды арттыру;
• жаңа туристік маршруттарды әзірлеу;
• туризм саласында білікті кадрлар даярлау;
• Приозерск қаласында мұражайдың ашылуы;
• қаланы абаттандыру, спорттық алаңшықтар салу, аулаларды көркемдеу және көшелерді жасыл желектендіру;
• қаланың транспорт жүйелерін жетілдіру, жол-көлік қауіпсіздігіне көңіл бөлу.

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді.

**19 МАРТА 2023 ГОДА- ДЕНЬ ВЫБОРОВ ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**УЧАСТВУЙТЕ В ВЫБОРАХ !**
**КАНДИДАТ**
в депутаты Приозерского городского маслихата по избирательному округу № 9

**АЛТАЕВА КАРЛЫГАШ ИГИЛИКОВНА**

Алтаева Карлыгаш Игликовна родилась в 1974 году 27 октября в ст. Сарышаган, Карагандинской области. По национальности казашка. Образование высшее. После окончания средней школы в 1992 году поступила в «Учетно-кредитный техникум г.Алматы», закончила в 1995 году банковский колледж по специальности банковское дело. В 1998-2001 году поступила и закончила Алматинский коммерческий институт г.Алматы по специальности финансы и кредит, квалификация-финансист. В 2012-2014 году поступила и закончила Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза по специальности юрист.

Свою трудовую деятельность начала с 1997 года в налоговом отделе по городу Приозерск, главным налоговым инспектором по контролю за поступлениями в пенсионный фонд. Проработала в должности заместителя начальника налогового управления по городу Приозерск с 2009 по 2010 годы. В связи с изменением структуры была главным специалистом отдела по работе с налогоплательщиками. Управления государственных доходов по городу Приозерск. С 2016 года по 2021 года была назначена на должность руководителя отдела по работе с налогоплательщиками в УГД по городу Приозерск. С декабря 2021 года и по сегодняшний день является директор филиала в городе Приозерск палаты предпринимателей Карагандинской области.

Замужем, имеет 3 детей.

**Предвыборная программа:**

• повышение охвата микрокредитование по развитию предпринимательства;
• разработка новых туристических маршрутов;
• подготовка квалифицированных кадров в сфере туризма;
• открытие музея в г.Приозерск;
• усовершенствование транспортной системы города, безопасности дорожного движения;

Оплачено из средств Республиканского бюджета

# ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!




Қоғамда сыбайлас жемқорлық өте қарқынды мәселе. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғам болып ат салысуымыз керек. Әр адам өз бойын жамандықтан сақтап жүргенін өзін жемқорлық үлкен септігін тигізері сөзсіз.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

***Приозерск қалалық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасы.***

---

**2023 ЖЫЛ 19 НАУРЫЗ - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТТАРЫН САЙЛАУ КҮНІ**

**САЙЛАУҒА ҚАТЫСАЙЫҚ !**

№ 10 сайлау округі бойынша Приозерск қалалық мәслихат депутаттығына

**КАНДИДАТ**

**БАЛТЫШЕВ ЕРІК ТАТКЕНҰЛЫ**



Балтышев Ерік Таткенұлы 1980 жылы 7 шілдеде Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Тасарал ауылында дүниеге келген. Ұлты қазақ. Білімі жоғары.

1997 жылы Тасарал орта мектебін бітірген соң, 1997-1998 жылдарда Тасарал ауылында «Ағыбай батыр» жеке шаруашылық серіктестігінде балықшы болып жұмыс істеген. 1998 - 2003 жылдары Астана қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінде оқып, заңгер мамандығын алған. 2003 - 2005 жылдары Астана қаласында Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің заң шығару институтында мемлекеттік сатып алу маманы, кіші ғылыми қызметкер, ғылыми, аға ғылыми қызметкер болып қызмет атқарған. 2005 – 2006 жылдары Балқаш қаласы сот орындаушылар учаскесінің сот орындаушысы, 2006 - 2007 жылдары Приозерск қалалық сотының маманы, Приозерск қаласының сот орындаушылар учаскесінің сот орындаушысы болып жұмыс істеген. 2007 жылдың қараша айынан бастап Приозерск қаласының Халыққа қызмет көрсету орталығының реттеу зал бастығы, 2009 жылдан бастап бөлім басшысы болып жұмыс атқарып келеді.

Отбасылы, үш баласы бар.

**Сайлау алдындағы бағдарлама:**

• Жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу;

• Қымбатты ардагерлер мен зейнеткерлерді бағалау;

• Жас мамандар мен тұрғындардың жұмыс мәселелерін шешу ;

• Қала тұрғындарына жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз ету;

• Жаңа мекемелердің құрылысы және дамыту, жеке кәсіпкерлерге көмектесу;

• Туризмді дамыту, клубтық және спорттық іс-шараларды қаржыландыруға көмектесу;

• Білім беру саласын қаржыландыру, жастарды жұмыспен қамтамасыз ету.

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді.

**19 МАРТА 2023 ГОДА- ДЕНЬ ВЫБОРОВ ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**УЧАСТВУЙТЕ В ВЫБОРАХ !**

**КАНДИДАТ**

в депутаты Приозерского городского маслихата по избирательному округу № 10

**БАЛТЫШЕВ ЕРИК ТАТКЕНОВИЧ**

Родился 7 июля 1980 года в селе Тасарал, Актогайского района, Карагандинской области. По национальности казах. Образование высшее.

В 1997 году после окончания Тасаральской средней школы, работал рыбаком в ТОО «Агыбай батыр» с.Тасарал. В 1998-2003 годах обучался в Евразийском Национальном Университете имени Л.Н.Гумилева, получив специальность правоведение. В 2003 -2005 годах работал специалистом по государственным закупкам, младшим научным сотрудником, научным сотрудником, старшим научным сотрудником Института законодательства Министерства юстиции Республики Казахстан. В 2005-2006 годах работал судебным исполнителем Балхашского территориального участка судебных исполнителей. В 2006-2007 годах работал специалистом Приозерского городского суда, судебным исполнителем Приозерского территориального участка судебных исполнителей. С ноября 2007 года работал начальником операционного зала Центра обслуживания населения города Приозерск, с 2009 года работает в должности руководителя отдела РГП «ЦОН» филиала города Приозерск Карагандинской области.

Женат, имеет троих детей.

**Предвыборная программа:**

• Военно-патриотическое воспитание молодёжи;

• Забота о наших дорогих и уважаемых ветеранах и пенсионерах;

• Решить проблемы трудоустройства коренных жителей города и молодых специалистов;

• Создание новых рабочих мест для жителей города;

• Строительство и развития новых предприятий, помощь частным предпринимателям;

• Развитие туризма, спорта и решать вопросы финансирования спортивной и клубной работы;

• Помощь и поддержка в финансировании сферы образования, организация трудоустройства молодёжи.

Оплачено из средств Республиканского бюджета

# ДУМАНШЫ ДЕСЕК...

Той-думанды басқарушы, яғни жүргізуші туралы қазіргі кезде әртүрлі және жағымды-жағымсыз пікірлер естіліп жүргені рас. Өздеріңіз білетін асабаның жыры ғой баяғы. Қазақтың бұла, дарқан, кең кезінде асаба немесе тоғашы деп ірі ас-жиындарды басқаратын санат иелерін атаушы еді-ау. Бұл сөзді де әбден тасмандайға айналдырып болдық. Терминді қызғанып отырғаным емес, садаған кетейін, қазіргі той өткізіп жүргендердің тұтас болмысын танытуда осы сөздің еш қисыны келмей тұрғасын айтамыз. Ұлттық игілік тұрғысынан қарағанда ортақ нәрсе, айтпесе аузымыз қышып бара жатқан жоқ. Осы қызмет түрін атқарушыларға «той ағасы» деп айдар таққанды теріс көрмейтіндер де табылады екен. Асаба – ас басқарушы. Бұған дау болмауы керек. Ал той басқарушыға «Той ағасы» деу, меніңше, өте артық. Аға деген сөздің түркі-моңғолдық мән-мағынасын тағы да той басқарушының аяғының астына салып бергеніміз орынсыз. Қасқыр түгілі, тышқан тұқымынан балпақ алып көрмеген итіне Бөрібасар деп ат қоятын кеңбалақ қазағым-ай. Соның керін келтіріп, осы сөзді әуелде кім ойлап тапқанын білмей, дал болып отырмыз. Сөз білмеген тілін шығарады. Әй, бұл қазақтың сөзінде де, өзінде де дауа болсайшы.

Он екі томдық «Қазақ Совет Энциклопедиясында» той-думанда қуйындатып жүретін асаба жолдастарға қатысты былай депті: «Асаба – той ағасы, дастарқан басшысы. Асаба – екі түбірден құралған күрделі сөз: ас – тамақ, тағам, аба – көптеген түркі тілдерінде ата, аға ұғымын білдіреді» депті де, түсініктеменің соңын, «Асабасы жоқ, асқа жарымас» деген керемет мәтелмен күрмепті. Көрдіңіздер ме, бұл жерде асабаны «той ағасы» деп тұр. Олай болса, той ағасын ақы төлеп жалдамайды, ас пен тойдың алдында кеңес құрып, әулет ішінен нақта ағалық жасап жүрген бірін сайлайды. Өйткені біздің қазақ әулетке қатысты ас пен тойдың тізгінін жаттекі біреуге бермеген халық. Аталмыш түсініктеменің де шала жері бар екен. Мұндағы «ас» деген сөзге ауқат ретінде тар аяда қарамау керек. Бұл жерде қазақ даласындағы бірнеше айлар бұрын сауын айтып шақыратын ірі астың аужайы айтылып отыр деп түсінгеніміз абзалырақ. Сол үшін де ас тізгінін ұстайтын асабасы жоқ елдің асқа жарымауы заңды. Мұндағы көңіл қоятын сөздің бірі – аба. Қазақ жыраулары «Азаулыда аға болған ерлер көп еді» деп дала ақсүйектерін (аристократтарын) меңзесе, Сібір халықтарында «абы» патриарх деген ұғымды білдірген және бұл дәрежеге көрінген адам ие бола алмаған. Ағалар мен абылардың әйелін абыс немесе абысын деп атаған. Демек, біз айтып жүрген «асаба» бұл ас-аба емес. Жыңғыл деген сөзді «қырыл» деп еститін сол баяғы қазақы қалыппен бәрін былықтырып жүрген өзіміз. Есесіне, аталмыш еңбекте «думаншы» деген тамаша термин бар екен. «Думаншы – халықтық сауық-сайрандар мен той-думандарды, ойын-тамашаларды ұйымдастырып, қыздыратын әрі басқаратын өнерпаз. Көбіне қызықты әңгіме, күлдіргі, әзіл сөздің тапқыр шебері» деп, атқаратын қызметіне де тәуір түсініктеме де беріліпті. Сіз бен бізге керегі де осы сөз емес пе? Қандай дәл, әрі нақты берілген анықтама десеңші. Қазіргі той басқарып жүрген іні-бауырларымыздың толық табиғатына сойып, қаптап қойғандай. Менің ойымша, асаба атаулыға осы атақты қайта жаңғыртып телу керек сияқты. Әйтпесе, сөздің де обал-сауабы бар, ағайын.

Ендігі бір мәселе, қанша жерден думаншы болсын, оларға құдалық тізгінін сеніп тапсырудың жағдаятына абайлап қараған жөн. Кез келген думаншы құдалық басқарады деу қателік. Ол әулеттің арғы-бергі тарихын, ағайын-туыстың жағдаятын және жаңа құдалардың аужайын жақсы білетін өз адамың болуы керек. Егер қазіргі қоғамда мәселенің осы жағын шешіп алмасақ, онда мына қазақ деген халықтың жасаған далалық мәдениеті жайында да сөз қозғаудың қажеті шамалы. Адам баласы туған күн, сүндет той («әпшу кесер емес»), құдалық деген рәсімдерді құдайлық бастауларға негіздеп жасайды. Егер осындай жерлерден біздің бас көтерер үлкендеріміз табылмайтын болса, онда бізден төртаяқтылар артығырақ.

Ал той үстінде тілек айту деген не? Бұл өзі басқа елден ауысқан үрдіс емес. Егер біздің ұлтымызға тән болса, онда сол тілектің қай жерде айтылғаны орынды? Тойда тобымен шығып, тілек айтып, шұбатылып тұрып алу жарасымды ма? Жалпы, біздің қазақ тау халықтары сияқты тілек айта ала ма өзі? Айта алмаса, оның себебін білеміз бе? Асылы, тойда тост айту үрдісін қою керек шығар. Неге дейсіз бе? Жақында бір тойда болдым. Соңына қарай көршілеріне сөз берілетін әлгі бір жаттанды әдет бар емес пе. Ал содан әлгі көршісі не деді дейсіз ғой? Елуді әжептәуір еңсеріп, алпысты алқымдап қалған, бір қарағанда «көпті көрген» кісі сияқты әсерде қалдыратын, талай буын ұрпақты тәрбиелеп үлгерген мұғалима апай, жаңа түскен келінге қаратып: «Бақытты бол, біздің Мир көшесін де бақытты қыл» деп қарап тұр. Ұят-ай, бүгінгінің бата-тілегі де сыйырқұйымшақ. Сіздерді білмедім, мен өз басым осы жасыма дейін мұндай тілек естіп көрмеппіз.

Тост айтамыз деп топырламай-ақ қашан осы басқа жұрттар сияқты ән тыңдап, жеңіл-желпі билеп (онда да би қыштап бара жатса), жай ғана шүйіркелесіп, демалып, арқа-жарқа болып бір жадырап, Шымкалаша айтқанда, беймарал отырар екенбіз. Асылында, онша сын көтеріңкіремейтін, басынан сөз асырмауға тырысатын сахара төсінде бұла өскен халықпыз ғой. Қалай десек те, жатық айтсаң жынды дейтін, тік айтсаң тұрпайы санайтын біздің ағайынға жағу әсте қиын. Ұлт ретінде көңіліміздің ығы бір табылмай-ақ кетіп бара жатыр. Сіздер не дейсіздер, құрметті оқырман!

*Нұрғали*
**ҚАРАБЕКТЕГІ**

---

**2023 ЖЫЛ 19 НАУРЫЗ - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТТАРЫН САЙЛАУ КҮНІ**

**САЙЛАУҒА ҚАТЫСАЙЫҚ !**

№ 10 сайлау округі бойынша Приозерск қалалық мәслихат депутаттығына

**КАНДИДАТ**

**ЖАРЫЛҒАПОВ**
**БЕК ТӘҢІРБЕРГЕНҰЛЫ**



Жарылғапов Бек Тәңірбергенұлы 1981 жылы 31 қаңтарда Жамбыл облысы, Тараз қаласында дүниеге келген. Ұлты қазақ. Білімі жоғары.

1998 жылы А.С.Пушкин атындағы №41 гимназия орта мектебін бітіргеннен кейін Алматы қаласындағы С.Д.Асфендиаров атындағы Мемлекеттік ұлттық медицина университетінің емдеу факультетіне оқуға түсті. 2002 жылы көшуіне байланысты Қарағанды мемлекеттік медицина академиясына ауыстырылды. 2004 жылы бітірген – жалпы тәжірибелік дәрігер мамандығы. 2004-2005 жж Қарағанды қаласының облыстық клиникалық ауруханасы базасында хирургия бойынша интернатура курсын аяқтады.

Еңбек жолын Аршалы орталық аудандық ауруханасында хирург дәрігері болып бастады. 2005-2010жж Аршалы аудандық орталық ауруханасының хирург дәрігері. 2010-2011 жж. Республикалық шұғыл медициналық көмек ғылыми орталығы, Астана қ. хирургия бөлімінің хирург дәрігері. 2011 – 2014 жж. Қарағанды облысы, Приозерск қалалық орталық қалалық аурухана, Приозерск қаласы, бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары, хирург. 2014 – 2017 жж. 454 Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Әскери госпиталь, Приозерск қ. хирургия бөлімінің дәрігері. 2017 ж. Приозерск орталық ауруханасының бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары, хирург. 2019 жылдан бастап қазіргі күнге Приозерск қаласының орталық ауруханасы директоры. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Алғыс хатымен марапатталған. Қалалық мәслихат хатшысының Құрмет грамотасымен марапатталған.

**Сайлау алдындағы бағдарлама:**

- жалпы практика дәрігерлерінің, педиатрдың, невропотологтың тапшылығы мәселесін шешу;
- денсаулық сақтау мекемелерінің материалдық және қаржылық мәселелерін шешу, қызмет сапасын арттыру ;
- заманауи диагностикалық жабдықтарды сатып алу;
- жұмыссыз жастарды жұмыспен қамтуға көмектесу;
- ұлттық құндылықтарды дәріптеу жөніндегі іс-шараларды іске асыру.

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді.

**19 МАРТА 2023 ГОДА- ДЕНЬ ВЫБОРОВ ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**УЧАСТВУЙТЕ В ВЫБОРАХ !**
**КАНДИДАТ**

в депутаты Приозерского городского маслихата по избирательному округу № 10

**ДЖАРЫЛГАПОВ**
**БЕК ТАНИРБЕРГЕНОВИЧ**

Джарылгапов Бек Танирбергенович родился 31 января 1981 года в городе Тараз,Жамбылскойобласти.Понациональностиказах.Образованиевысшее.

В 1998 г. после окончания средней школы гимназии №41 им А.С Пушкина поступил в Государственный национальный медицинский университет им С.Д Асфендиарова г.Алмата на лечебный факультет. В связи с переездом в 2002 г. переведен в Карагандинскую государственную медицинскую академию. Окончил в 2004г – специальность врач лечебник. В 2004г- 2005г. прошел курс интернатуры по хирургии, на базе Областной клиницеской больницы г.Караганды.

2005г. начал трудовую деятельность в Аршалыиской Центральной районной больнице врачом хирургом. 2005г.-2010 гг. Врач хирург Аршалинской Центральной районной больницы. 2010 – 2011 гг. Республиканской научный центр неотложной медицинской помощи г.Астана. врач хирург отделения хирургия. 2011 – 2014 гг. Карагандинской область г.Приозерск Центральная городская больница г.Приозерск заместитель главного врача по лечебной работе , врач хирург. 2014 – 2017 гг. 454 Военный госпиталь Министерства обороны РФ г.Приозерск. врачом хирургического отделения. 2017 г заместитель главного врача по лечебной работе, врач хирург (совместительсто) Центральная больница города Приозерск.

С 2019 года по настоящее время директор центральной больницы города Приозерск.

Был награжден благодарственным письмом 1-го Президента РК Назарбаева Н.А. Награжден Почетной грамотой секретаря городского маслихата.

**Предвыборная программа:**

- решение вопроса дефицита врачей общей практики, педиатра, невропотолога;
- улучшение услуг и материальной базы, финансовая поддержка здравоохранения;
- приобретение современного диагностического оборудования;
- содействие занятости безработной молодежи;
- реализация мероприятий по популяризации национальных ценностей.

Оплачено из средств Республиканского бюджета

# ХАЛЫҚ – ЖАҚСЫЛЫҚҚА СЕНЕДІ!




Қазақстанда жүріп жатқан ірі реформалар саяси доданың тәртіптері мен оның өту процесіне өзгеріс әкелгені анық. Биылғы сайлаудың мажоритарлы-пропорционалды өкілдік жүйесі бойынша өтетіні сайлаушыларға жаңаша серпін және сенім беруде. Мұны саяси жүйені демократияландырудың, оны жаңғыртудың көрсеткіші деуге болады. Бұл қазақстандық саясат үшін, оның көппартиялы болуы үшін тұрақтандыратын фактор. Саяси құрылым тұрғысынан Парламент алуан түрлі болуы мүмкін. Оған қоса, бұл алдағы сайлаудың маңызды интригасы, яғни басым партия мен қалған екі партия сол және оң қанатты тұрақтандырғыш рөлін атқарып келді. Енді бұл партиялық ландшафт Парламентте қалай көрініс табатынын болжау қиын. Барлығына уақыт сарапшы.

2021-жылы парламенттік сайлаукарантинжағдайындаөтті. Бірақ бұл сайлау конституциялық мерзімде өтті. Алдағы сайлау саяси жүйенің жаңа ережелер бойынша мүмкіндігінше шұғыл жүзеге асыру үшін мерзімінен бұрын болады. Саяси реформалар сайлау өтетін жағдайларды айтарлықтай өзгертті. Мысалы, саяси партиялар Мәжіліске өту үшін сайлаушылардың 5 пайыз дауыстарын жинау керек. Бұл партияларға жеңілдік болып көрінеді. Бірақ жаңа партиялар пайда болды, ал кейбір партиялар ребрендингтен өтіп, оларға жаңа көшбасшылар келді. Бұл сайлаудың ең маңызды ерекшелігі-мажоритарлық жүйе бойынша депутаттардың бір бөлігін сайлау. Олар тек партия мүшеұйымдардың өкілдері, сондай-ақ өзін-өзі ұсынып, сайлауға шыға алады. Мұндай жүйе бұрын болған, бірақ 2021-жылғы сайлауда барлық мәслихаттар партиялық тізімдер бойынша құрылды. Негізінде біз аралас сайлау жүйесіне қайта оралдық

Сайлауда өзін-өзі ұсынған кандидаттарға дауыс беру халықтың саяси процестерге тікелей араласуына, олардың маңызды шешімдер қабылдауда өзіндік үн қосуына ықпал етпек. Яғни, бір мандатты округтер бойынша сайланған депутат азаматтардың мүддесін мінберде көтеруге мүмкіндік алады. Өзін-өзі ұсынған үміткерлер депутат болып сайланған жағдайда қоғамдық саясаттың маңызды қатысушылары болады. Олар округтен келген өз сайлаушыларының мүдделерін қорғауға міндетті. Бұл депутаттар азаматтар жағынан мұқият қадағаланады, өйткені олардың мандатын қайтаруға мүмкіндік бар. Жергілікті тұрғындар үшін бұл өз мүдделерін Мәжіліс деңгейінде де, мәслихаттар деңгейінде де қорғауға үлкен мүмкіндік. Мұндай жағдай азаматтарды қызықтырады және олардың саяси қатысуының тиімділігін арттырады деп сенеміз.

Естеріңізге сала кетсек, Мәжіліс депутаттарын кезектен тыс сайлау 19-наурызда өтеді. Сонымен қатар дәл осы күнге жергілікті мәслихаттар депутаттарын сайлау да жоспарланған. Сайлауға елімізде тіркелген барлық 7 саяси партия қатысады.

***Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ***

**2023 ЖЫЛ 19 НАУРЫЗ - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТТАРЫН САЙЛАУ КҮНІ**

**САЙЛАУҒА ҚАТЫСАЙЫҚ !**

№ 11 сайлау округі бойынша Приозерск қалалық мәслихат депутаттығына

**КАНДИДАТ**

**АХМЕТОВ**
**МАНСҰР ТАЛҒАТҰЛЫ**



Ахметов Манұр Талгатұлы 1987 жылы 5 тамызда Көкшетау облысы, Щучинск қаласында туылған. Ұлты қазақ. Білімі жоғары.

2009 жылы Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетін бітірген. 2011 жылы фемида заң академиясының Көкшетау филиалы, құқықтану мамандығын тәмәмдаған.

Еңбек өтілін 2010 жылы Ақмола облысы, Шортанды, Бурабай және Есіл аудандары бойынша салық басқармасының салықтық әкімшілендіру бөлімінің бас маманы қызметінде бастаған. 2013 жылдан бастап – Ақмола облысы, Шортанды және Бурабай аудандары бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының жанама салықтар бөлімнің басшысы, 2017 жылдан бастап Ақмола облысы бойынша «Бурабай» мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы, 2017 жылдың қыркүйек айынан бастап Ақмола облысы, Көкшетау қаласы тәуекел және анализ басқармасының бас маманы. 2017 жылдан бастап 2019 жыл аралығында ЖШС «Балқаш емдеу-сауықтыру кешені қаржы директоры және директоры болған. 2019 жылдың қазан айынан 2020 жыл аралығында «Қазимпэкс» Республикалық орталығы» акционерлік қоғамының орынбасары, активтерді басқару қызметінің басшысы болған. 2020 жылдың қараша айынан бастап қазіргі уақытқа дейін ЖШС «Балқаш емдеу-сауықтыру кешені директоры.

**Сайлау алдындағы бағдарлама:**

- туризмды дамыту, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт бағытындағы сұрақтардың шешілуіне көмек көрсету;
- ағымдағы жылдың II жартыжылдығында кепілдендірілген медициналық көмек беру міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында ЖШС «Балхаш емдеу-сауықтыру кешенінде көмек көрсету жоспарлануда;
- ең осал зейнеткерлер, ҰОС, тыл ардагерлері, мүмкіндігі шектеулері жандар мен көпбалалы отбасыларға қолдау көрсету;
- қаланың көл жағалауларын абаттандыру, балалар ойын алаңы және жаңа демалыс орындарын салу бойынша ұсыныстар енгізу;
- жұмыспен қамту бағдарламалары бойынша (жастар мен қоғамдық қызметкерлерді тарту т.б) жұмысқа орналастыру мәселелерін шешу;
- Приозерск қаласына келетін қонақтар мен туристерттердің келу жағдайын жақсарту;
- салауатты өмір салтын насихаттау және жастармен қаланың тазалық жұмыстары бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу;
- Балхаш көл жағалауының экологиялық нормасын сақтау және қорғау жұмыстарына белсенді қатысу.

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді.

**19 МАРТА 2023 ГОДА- ДЕНЬ ВЫБОРОВ ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**УЧАСТВУЙТЕ В ВЫБОРАХ !**
**КАНДИДАТ**

в депутаты Приозерского городского маслихата по избирательному округу № 11

**АХМЕТОВ**
**МАНСУР ТАЛГАТОВИЧ**

Ахметов Мансур Талгатович родился 5 августа 1987 года в городе Щучинск, Кокшетауской области. По национальности казах. Образование высшее.

В 2009 году окончил Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева. В 2011 году окончил филиал г. Кокшетау юридическую академию фемида, по специальности юриспруденция;

Трудовую деятельность начал с 2010 года главным специалистом отдела налогового админстрирования налогового управления Шортандиснкого, Бурабайского , Есильского района по Акмолинской области. С 2013 года руководитель отдела налогового админстрирования, налогового управления Шортандинского района, Бурабайского района по Акмолинской области. С 2017 года руководитель управления государственных доходов «Бурабай» Акмолинской области. С сентября 2017 года главный специалист управления анализа и рисков департамента государственных доходов по Акмолинской области, г.Кокшетау. С 2017 года декабря по 2019 годы финансовый директор, директор ТОО «ЛОК»Балхаш». С октября 2019 года по 2020 годы заместитель, руководитель службы управления активами АО «Республиканский центр «Казимпэкс». С ноября 2020 года по настоящее время директор ТОО «ЛОК»Балхаш».

**Предвыборная программа:**

- развивать туризм и содействовать в решении вопросов здравохранения, культуры и спорта;
- во II полугодии текущего года планирую оказывать помощь населению в рамках гарантированного обьема медицинской помощи в системе обязательного медицинского страхования в ЛОК «Балхаш»;
- оказывать поддержку и помощь наиболее уязвимым слоям населения, – ВОВ, ветеранам труда, пенсионерам, лицам с ограниченными возможностями и многодетным семьям;
- содействовать вопросам благоустройства пляжных территории города и вносить предложения строительства новых зон массового отдыха, спортивных и детских площадок;
- оказывать поддержку в вопросах трудоустройства по действующим программам (привлечение социальных работников, молодежи и т.д)
- вносить предложения для улучшения условий пребывания туристов, гостей и жителей города Приозерск;
- вести пропаганду здорового образа жизни и проводить разъяснительные работы с молодежью по благосостоянию города;
- принимать активное участие в мероприятиях по охране и соблюдению экологических норм озера Балхаш.

Оплачено из средств Республиканского бюджета

# ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРГЕ МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАР ҮШІН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ЖҰМСАЛҒАН ШЫҒЫНДАР ӨТЕЛЕДІ

Биыл халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу үшін жекелеген жобалар қайта қаралды. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Олжас Ордабаев Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында азаматтардың жекелеген санаттары үшін қарастырылған жұмыспен қамтуды қолдаудың арнайы шаралары туралы айтты.

Оның сөзінше, мүгедектігі бар адамдар үшін арнайы жұмыс орындарын ұйымдастыру тетігі қайта қаралды. Жұмыс берушілерге жұмыс орнын ұйымдастыру үшін 300 АЕК-ке дейін 1 млн теңге мөлшерде шығындар өтеледі. Бұл ретте мемлекет 3 жыл ішінде жұмысқа орналастырылған адамдардың жалақысын да субсидиялайды.

Сонымен қатар зейнеткерлік жасқа дейінгі адамдарды жұмысқа орналастыру мүмкіндігін кеңейту үшін «Күміс жас» жобасына өзгерістер енгізілді: қатысушылардың жасы 50 жасқа дейін төмендетілді және қатысушылардың жалақысын субсидиялау мерзімі 3 жылға дейін ұлғайтылды.

Ал жұмыс тәжірибесі жоқ жастар үшін «Жастар практикасы» және «Алғашқы жұмыс орны» жобаларын іске асыру жалғасатын болады.

*ortcom.kz*



## Наследственное дело

***После смерти Бейсикеев Калдыбай Гасимкулович, умершего 14 декабря 2022 года, открыто наследственное дело. Имеющимся наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б., г. Приозерск ул. Кисунько д. 1 Б тел. 87751627005***

***Частный нотариус г. Приозерск***
***Ахметов Р.Б.***

**2023 ЖЫЛ 19 НАУРЫЗ - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТТАРЫН САЙЛАУ КҮНІ**

**САЙЛАУҒА ҚАТЫСАЙЫҚ !**
№ 11 сайлау округі бойынша Приозерск қалалық мәслихат депутаттығына
**КАНДИДАТ**

**ПАЙЗУЛЛАЕВ МҰЗАФФАР АБДУЛЛАҰЛЫ**



Пайзуллаев Музаффар Абдуллаұлы 1986 жылы 5 қазанда Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы, Қарабұлақ аулында туылған. Ұлты өзбек. Білімі жоғары.

2009 жылы Қарағанды мемелектік медицина академиясын, 2011 жылы Семей мемлекетік медицана университетін жалпы хирург мамандағы бойынша бітірген. 2011 жылдан бастап Приозерск қаласының орталық ауруханасында хирург дәрігері қызметін атқарады. 2017 жылдан бастап Приозерск қаласының орталық ауруханасында стационар меңгеушісі лауазымына тағайындалған.

Приозерск қаласында 2011 жылдан бері тұрады.

Үйленген, 4 бала тәрбиелеп отыр.

**Қалалық мәслихат депутаты болып сайланған жағдайда, өз қызметімде төмендегідей бағдарламамды ұсынамын:**

• қала халқының денсаулығын қорғау;

• тұрғын үй құрылыстарын дамытуға - әскери қызметкерлерге, аз қамтылған отбасыларына және бюджеттік сала қызметкерлеріне арналған тұрғын үйлерді қалпына келтіру жұмыстарын тездетуге ықпал етуге;

• мәслихаттың ролі мен беделін арттыруға ат салысу ;

• жастарды имандылыққа тарту, ұлттық дәстүрлерді насихаттау, бос уақыттарын тиімді пайдалануға, өнерге және спортқа баулуға;

• мектептердің және балабақшалардың материалдық-оқу базасын жақсартуға ықпал ету;

• көпбалалы және аз қамтылған отбасыларды әлеуметтік қорғау.

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді.

**19 МАРТА 2023 ГОДА- ДЕНЬ ВЫБОРОВ ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**УЧАСТВУЙТЕ В ВЫБОРАХ !**
**КАНДИДАТ**
в депутаты Приозерского городского маслихата по избирательному округу № 11

**ПАЙЗУЛЛАЕВ МУЗАФФАР АБДУЛЛАЕВИЧ**

Пайзуллаев Музаффар Абдуллаевич родился 5 октября 1986 года в селе Карабулак, Сайрамского района, Южно-Казахстанской области. По национальности узбек. Образование высшее.

В 2009 году окончил Карагандинскую государственную медицинскую академию, в 2011 году Семипалатинский государственный медицинский университет по специальности общий хирург. С 2011 года работает врачом-хирургом в центральной больнице города Приозерск. С 2017 года назначен на должность заведующего стационаром в центральной больнице города Приозерска. Проживает в городе Приозерск с 2011 года.

Женат, воспитывает 4 детей.

**Предлагаю следующую программу своей деятельности в случае избрания депутатом городского маслихата:**

• уделять внимание защите здоровья граждан нашего города;

• оказывать содействие развитию жилищного строительства, капитальный ремонт и восстановление жилых домов для военнослужащих, малообесчпеченных семей, работников бюджетной сферы;

• повышения роли и авторитета маслихата;

• активизировать работу по пропоганде народных традиций и обычаев, вовлечению молодежи в занятия спортом, развитием творческих возможностей;

• содействовать улучшению учебно-материальной базы школ и детских садов;

• оказывать социальную защиту многодетных и малообеспеченных семей и семей.

Оплачено из средств Республиканского бюджета

*СҰЛТАН БЕЙБАРЫСТЫҢ ТУҒАНЫНА 800 ЖЫЛ*

# ӘЛЕМ ТАНЫҒАН СҰЛТАН

Қазақ даласында дүниеге келіп, өмірін шет жерде өткізген, қара құлдан мемлекет басқаруға дейін көтерілген әлемге әйгілі баба туралы біз кеңестік кеззеңде білмей өстік. Бүгінгі мақаламызды осы Сұлтан Бейбарыс бабаға арнамақпыз. XIII ғасыр ислам әлемінде қасіртеттерге толы жылдар болды. Таяу Шығыс, Азия және Анадолу өлкелерінде қырғындарға себеп болған крестік жорықтар мен моңғол шапқыншылығы мұсылмандарды жойылудың қарсаңына қойған болатын. Қалалар, мешіт, медреселер, кітапханалар өртке оранып, әйел, бала, кәрі деместен жаппай қан төгілуі тоқтау білмей, халық үмітсіздік ішінде жанталасып жатты. Осындай қиын қыстау заманда Таяу Шығыстың тарихы мен тұрмысын жақсартқан адам қыпшақ даласының тумасы, бабамыз Сұлтан Бейбарыс болды. Сұлтан Бейбарыс 14 жасында тұтқынға алынып, ақыл-парасаты, ерекше ерлігімен құлдықтан патшалыққа дейін көтеріліп, Ислам мәдениетіне орасан зор қызметі сіңген алып тұлға. 1249-жылы Франция королі IX Луис бастаған жетінші крестік жорыққа тойтарыс беруі Бейбарыстың атын бұрынғыдан да асқақ етті. 3-қазан 1260-жылғы Айн Жалут деген жердегі соғыстағы қаһармандығы, айла-тәсілдерімен моңғол әскерін жеңіліске ұшыратуы мәртебесін тағы көтеріп, Мәмлүк сұлтандығына жақындата түсті. 24-қазан 1260-жылы таққа отырды. Бұл жеңіс арқылы Сирия, Мысыр жерлері моңғол шапқыншылығынан құтқарылған болды. Осы күнге дейін моңғолдардан жеңіліске ұшырау, қорғану, шегіну ахуалдарын бастан кешіп жүрген ислам әлемі бұл жеңістен кейін жігерлене түсті. Ең маңыздысы – қаншама уақыттан кейін моңғолдардың мұсылмандар тарапынан жеңіліске ұшырауы мұсылмандар үшін серпіліс болды. Ал моңғолдар үшін тоқыраудың бастамасына айналды. Кейініректе жергілікті халыққа үйлесіп, ислам дініне деген көзқарастары өзгерген моңғолдар мен кейбір патшалары Ислам дініне бет бұра бастады.

Жеңілген күреске тоймасты ұстанған моңғолдар 1264-жылы Сирияның солтүстігіндегі Халеп, Бирежик қалаларына бас салып, талан-тараж етеді. Мұны естіген Сұлтан Бейбарыс әскерімен келгенінде моңғолдар қашып кетеді. Қашқан 6000 моңғол әскерлерін 1400 мәмлүк әскері қуып жетіп, сыбағасын береді. Бұл жағдай да моңғолдардың сағын сындырып, мұсылмандардың мәртебесін тағы жоғарылата түсті. Сұлтан Бейбарыс солтүстіктегі қорғаны саналатын осы Бирежик қорғанын түбегейлі жөндеуден өткізді. Бұдан кейін моңғолдар Киликя армяндарымен одақтасып, бірге Сирияға қарай тағы сан мәрте жорық ұйымдастырады. Алайда бұл жорықтары да сәтсіз аяқталады. Өйткені ең қауіпті аймақ екенін пайымдаған Сұлтан Бейбарыс Бирежик қорғанын күрделі жөндеуден өткізе отырып, 20 жылға жететін қару-жарақ және азықпен қамтамасыз еткізген болатын.

Сұлтан Бейбарыс Таяу Шығыстағы аласапыран жағдайда сыртқы жауларға тойтарыс беру үшін, ішкі алауыздықтарға жол бермеу үшін, мұсылмандардың, жалпы мұсылман елдердің басын біріктірудің маңыздылығын ұғынатын. Осы жолда шара іздеп жүрген кезінде бұл мүмкіндік алдына келеді. Мұны түсіндіру үшін 7 жылға кері шегінейік. Мұсылман түркі қалаларын қырып, жайпап келе жатқан Хулагудың басшылығындағы моңғолдар 1258-жылы Бағдатты басып алып, мұнда да әдетінше қанды қырғын орнатты. Соңғы Аббаси халифасы Муттасым Биллаһты бала-шағасын, бүкіл әулетімен қырып салған болатын. Аллаһу таһаланың хикметімен бір шахзада бұл қырғыннан аман қалған еді. Толық есімі Әбул Қасым Ибнул Бәракат Ахмед бин Захир ӘлМустансир Биллаһ. Отыз бесінші Бағдат Аббаси халифасы Захирдің ұлы және отыз алтыншы Бағдат Аббаси халифасы Мустәнсирдің бауыры болатын. Өзінің кім екенін жасырып Каирде жылдап өмір сүреді. Бір жұма күні намазға бара жатып кездейсоқ шахзаданы көрген Сұлтан Бейбарыс оның жарқын жүзіндегі тектілікті байқап кім екенін сұрайды. «Қарапайым саудагермін» деген жауабы оны қанағаттандырмады. Кім екенін айтуын қайта талап еткенінде шахзада Ахмет шынын айтуға мәжбүр болады. Сұлтан Бейбарыс оны дереу қамқорлығына алып, ұзақ уақыт сарайда қонақ етті. Шахзаданың рұқсатын алып, 1261-жылы халифалық мақамын жаңадан тағайындады. Бейбарыстың бұл әрекеті арқылы ислам әлемінде ғасырлардан бергі рухани маңыздылыққа ие халифалық мәртебесінің қайта орнауымен бірге Аббаси әулетінің жойылуының алды алынған болды. Сондай-ақ, өз еліне және ислам әлеміне үлкен рухани серпіліс берді. Халық мұны ерекше қуанышпен қабылдады. Өйткені тегі пайғамбарымызға сүйенетіндіктен, Аббасилерге қашанда құрмет етілетін. Тіпті соңғы жылдардағы молшылықты оның қалада болуына балап Ибнул Берекет есімін атап, оған биат етілді, есімі хұтбада аталатын болды. Атына ақша басылды. Бірақ халифалық символикалық түрде еді. Үкімет істері толығымен Бейбарыстың қолында болды. Сұлтан Бейбарыстың Аббаси халифалығын тағайындауынан кейін бұл хабар Таяу Шығыс және мұсылман елдер арасында тез тарады. Сұлтандар, хандар және мемлекет адамдары қуаныштарын Әл Мунтәсир Биллаһ пен Сұлтан Бейбарысқа жіберген құттықтау хаттары мен сыйлықтары арқылы жеткізді және қысқа уақытта бүкіл мұсылман елдермен одақтастық қамтамасыз етілді. Мұсылмандықты қабылдаған Алтын орда ханы Берке де сыйлықтар жіберіп, биат еткендігін білдірді. Сұлтан Бейбарыс Ислам дінін таңдап, мәртебеленуімен құттықтап, оны Хулагуға қарсы соғысуға шақырды. Осыдан кейін Алтынорда ханы Берке хан Хулагуға соғыс ашып, Илханлылардың (моңғолдардың) майдан шебі екіге бөлінді. Шыңғыс ханның немересі және Илханлылар елінің құрушысы Хулагудың өлімінен кейін орнына христиан әйелінен туған баласы Абака таққа отырды. Әлсіреген елін қайта жандандыруға тырысты. Анасының христиан болуынан пайдаланып, батыстағы христиан күштерімен одақтастық келісімдер жасады. Сондай-ақ күш жинап алу үшін уақыт созу мақсатында 1265-жылы Сұлтан Бейбарысқа елші жіберіп, бітімге келуді ұсынады. Бірақ Абаканың шынайы ниетін білгендіктен Бейбарыс одан бас тартады. Онсыз да Ислам өлкелерін қырып салған мұсылмандардың басты дұшпаны болған моңғолдармен бітімге келуді ойлап та тұрған жоқ болатын.

Бұл арада 1265 және 1266-жылдары екі жорық жасап, Кайсерия, Арсуф және Сис қалаларын қайтарып алды. Бұл жорықтарға төтеп бере алмаған Абака тағы да бітімге келуді ұсынады. Алайда Бейбарыс өмірінің соңына дейін моңғолдармен соғысып өтетінін білдіріп, бұл ұсынысты қатаң түрде кері қайтарды. Оны бұлай тоқтата алмайтынын түсінген Абака крестік жорықшылармен бірігіп тағы шабуылдады, бірақ соңы тағы да сәтсіз аяқталып, кері шегінуге мәжбүр болды. Бұл жеңістен кейін Сұлтан Бейбарыс Табәрийә, Яфа, Сакуф, Арнун, Антакя, Акка, Әкрад секілді біршама қалаларды өзіне қаратты. Түркімен бектіктерінің көмекке шақыруларын да назарсыз қалдырмады. Караман, Ментеше және Әшрафоглу түркімендері мен сәлжук көсемдерінің ұсынысын қабылдап 1277-жылы Анадолу жерлеріне жорыққа шықты. 15-сәуір 1277-жылы Әлбистан жазығында моңғолдарды тағы бір рет тізе бүктірді. Бұдан кейін ислам әлемі үшін қауіп төндіріп тұрған моңғолдардың сағы сынып, крестік жорықшылар да беттей алмайтындай халге келіп, Мәмлүктердің мерейі асқақтай түсті. Бұдан былай Таяу Шығыста аз мерзімге болса да тыныштық орнаған болды. Бірақ осы тыныштықты орнату үшін ат үстінен түспей, майдан шептерінде жүріп, моңғолдарды сан мәрте жеңіліске ұшыратқан Сұлтан Бейбарыс осы соңғы жеңісінен қайтып келе жатып ауырып 1277-жылы шілде айында қайтыс болды. Сұлтан Бейбарыс зеректігі, батырлығы, діндарлығы және Ислам әлеміне сіңген еңбегі тұрғысынан орта ғасырдағы түркі-ислам тарихындағы ең маңызды тұлғалардың бірі. Ғалымдарға, ғылымға ерекше мән беретін. Халықтың ісі әділ болуы үшін қазылардың басына «қадықудаттар», яғни қазылардың үстінен қарайтын қазылар тағайындауын ең бірінші ол бастады және Сұлтан Бейбарыстан бастап Мысыр мен Шам қаласында төрт мазһабтан да қазылар тағайындалатын болды. Бұл дәстүр 1804-жылға дейін жалғасын тапты. Фиқхи мәселелерге де қатты мән берген Бейбарыс арақ қолданылуы, сатылуына және зинақорлыққа қатаң түрде тыйым салды. Халықтың мұң-мұқтажын білу үшін қарапайым киіммен қаланы аралап, адамдарды тыңдап соған қарай шарасын қамдайтын. Бір жорыққа бара жатқан жолда атты әскерлерінің бірнешеуі бір шаруаның егістігінің үстімен жүргенін көріп: «Мен мұсылмандарды кәпірлердің зұлымдығынан қорғау үшін жорыққа шығудамын, ал сендер қалайша бір мұсылманға зиян тигізіп жатырсыңдар» деп жазғырып, жазалағаны айтылады. Ең маңыздысы Таяу Шығыста ескі қараңғы күндер артта қалып, ислам байрағының жаңадан, қуатты түрде желбірей бастады. Бұдан былай Бейбарыс Таяу Шығыс тарихы мен тұрмысының жақсаруына себепші болған сұлтан ретінде аты аңыздарда, дастандарда атала бастады.

Ержүрек, батыр, ақылды және мейірімді, асыл қасиеттерімен әлемге танылған бабаның өмірі туралы жас ұрпаққа әңгімелеп отыру және үлгі-өнеге ету үшін балабақшалар мен мектептерде тәрбие сағаттарын өткізу, жастар арасында насихаттау маңызды деп ойлаймыз.

***Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ***

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru Таралымы: 500 дана Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35 QORJYNTUBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арко» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №8/34, Таралымы:500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі +7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.